



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 27 МАУСЫМ, 2024 ЖЫЛ №71 (23 393)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті журналистер мен медиа саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Масс-медиа қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі таңда сіздердің қызметтеріңіз қоғамда үлкен маңызға ие. Соңғы жылдары әлемдегі технологиялардың дамуы жаңалықтар ағынын еселеп арттырды. Осы орайда көрермендер мен оқырмандарға шынайы ақпаратты жедел жеткізе білу басты қажеттілікке айналды. Сіздер күнделікті жұмыстарыңызды атқара жүріп, әр күннің ақпараттық бейнесін қалыптастырасыздар. Бұл үлкен кәсіби шеберлік пен қажыр – қайратты талап ететін жауапты жұмыс.

Қарағанды журналистика мектебінің өзіндік дәстүрі бар, оның өкілдері жоғары кәсібилігімен және қызметіне адалдығымен ерекшеленеді. Осыған байланысты өңірлік журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан сала ардагерлеріне зор алғысымызды білдіргіміз келеді.

Осынау айтулы мереке күні біз барлық Масс-медиа қызметкерлеріне зор денсаулық пен шығармашылық шабыт және тың жобалар тілейміз. Қоғам игілігіне бағытталған елеулі еңбектеріңіз бағаланып, қаламдарыңыз қуатты, өмірлеріңіз суақты болғай!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ЕРТЕҢ – МАСС-МЕДИА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«Ерекше мәртебелі» мамандық иесіміз

Кеншілерден кейін журналистік кәсіп ең қауіпті мамандық саналады. Сондықтан Әділетті Қазақстандағы Заңды, реформаларды, нәтижелі жұмыстарды жүректен сезініп, насихаттап жазу үшін, журналистердің жағдайы жақсы болуы тиіс. 19 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Заңда «журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым бар...



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Масс-медиа туралы» Заң негізіндегі

«Журналистің ерекше мәртебесі» сала өкілдерінің құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, олардың ақпарат іздеу, сұрату, алу және тарату кезіндегі мүмкіндігіне шектеу қоймайды. Аталған заңда журналистерге қажетті ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік берілді. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұратуларын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқарды. БАҚ-тың өз қызметін өзі реттеу мақсатында Заңда қоғамдық-кәсіптік кеңестер де құру көзделген. Кеңестер республикалық және өңірлік деңгейлерде құрылуы мүмкін. Бұл кеңестер журналистердің әдеп кодексінің әзірлеуге негізделмек.

Заңда пандемия және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде журналистердің еңбегі дәрігерлер, полициялар және құтқарушылармен тең дәрежеде болғаны айтылды.

Алайда, өздерінің кәсіби борыштарын өтеу барысындағы ерекше жағдайларда журналистердің қызметін құқықтық реттеудің жоқтығы да анықталды.

Заңда атап өтілгендей, жаһандық күн тәртібінде бұл мәселе маңызға ие. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, 2018-2019 жылдары бүкіл әлемде 156 журналист қаза тапты. Оның 67-сі қақтығысты болған елдерде, 23-і ұрыс әрекеттері болған аймақтардан репортаж жүргізу үстінде қайтыс болды.

► 4-бет

СҮЙІНШІ!

Ақпарат айдынының аруы

Журналистер арасындағы республикалық «AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» байқауы аяқталды. Облыс намысын қорғаған «Сауатқа ақпарат» медиахолдингі директорының орынбасары Оксана Мягких «Аймақ туралы үздік материал» аталымында жеңіске жетті.



Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің әлеуетін арттыруға арналған аталған ашық байқау Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалар, «Адал азамат», жастардың қоғамдағы ролі, Алаш қозғалысы және тағы басқа негізгі тақырыптарды қамтыды.

Сіздер елдің даму бағдарын, Президент реформасынан өріс алған өзгерістерді халыққа қалтқысыз жеткізіп келесіздер. Өйткені, сөзі түзу жұрттың өзі де түзу болады. Еселі еңбектеріңіз үшін барлықтарыңызға алғысызды білдіремін. Есік қақпалы тұрған төл меркелеріңізбен! Шалқар шабыттарыңыз сарқылмасын! – деді құттықтау сөзінде «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов.

Бұл байқау 15 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Биыл байқауға 200-ге жуық өтінім түскен. Он номинация бойынша 1500 жұмыс қабылданған.

Мәреден өз ісінің хас майталманы болып оралған әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз!

Өз тілшімізден

БӘРЕКЕЛДІ!

Азаматтар – абырой асуында

Мереке қарсаңында мәдениет және өнер әлеміндегі талай жастың жарқырауына қолдау көрсетіп жүрген Арқаның Атымтай азаматы, білім мененаты Бекзат Алтынбековке Журналистер одағының «Алтын медалі» табысталды. Ал, белгілі қаламгер Еркем Балташұлы «Қазақстанның Құрметті журналисі» атанды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бекзат Қомарұлы – еңбек жолын Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газеті базасындағы радио торабында тілші болып бастаған. «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының жетекшісі бола жүріп те, мемлекеттік тілді тұғырынан түсіруге еселі еңбек етті.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысының әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына баспана сыйлаған меценат. Сондай-ақ, көп жылдан бері Сәтбаев және Жезқазған қалаларындағы «Үміт» және «Мерей» балалар үйлерінің демеушісі.



Еркем Балташұлы – ұзақ жылдар бойы журналистика саласында елеулі еңбек етіп, түрлі басылымдарда жауапты қызметтер атқарды. Түрлі бағыттағы өткір мақалалары мен очерктері елдің ыстық ықыласына бөленген.

Айта кеткен жөн, Қазақстан Журналистер одағының «Алтын медалі» экология саласындағы қоғамдық-пайдалы қызметі, балаларға, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қайырымдылық іс жасағаны үшін саяси, қоғам қайраткерлеріне, журналистер мен түрлі саланың озаттарына беріледі.

ӨЗЕКТІ

Ақпарат кеңістігі алаңдап тұр

Осыдан он жыл бұрын қазақша контент өндірушілер арасында «Қазір жаңалық оқу үшін газет сатып алатын адам бар ма?» деген сұрақ қойылды. Ой қозғау үшін қойылған риторикалық сауал ғой. Сайт-порталдың соңында жүргендер дәстүрлі журналистерге қарап, жымыңдап қалдық. Ал бытыр дал осындай сұрақ бізге де қойылды. Қазір жаңалық оқу үшін сайтқа кіретін адам қалды ма? Шынымен де, он жылда ақпарат кеңістігі айтарлықтай өзгерді. Әрі бұл бастамасы ғана...



«Қате 404»

Қазақ тілді интернет кеңістігі 2011 жылдан былай қарай аса зор қарқынмен дамыды. Өйткені, Үкімет қазақша контент қалыптастыру және сапасын арттыруға ерекше ден қойып, идеясы бар азаматтарды түрлі гранттармен жарылқап-ақ

тастаған-ды. Бұқара халықтың дәстүрлі қағаз басылымнан баз кешіп, браузер жағалап кетуі де сол тұстан басталды. Тіпті, ормандай оқырманы бар алпауыт басылымдардың да біразы баспахана қызметінен баз кешіп, электронды нұсқаны қол көргенді. Солай болуы заңды да.

Газетке қарағанда сайттың шығыны он есе аз. Ал шапшаңдығы жоғары. Табысы да жаман емес. Бизнес заңдылығына бас ұрғандардың әрекеті ақтауға тұрарлық. Десек те, сайттың басты кемшілігі – материалдың тұмыры қысқа.

► 7-бет



Еңбек нарығында тың жоба

Жұмыссыздықты жоюға бағытталған тың жобаның тағы бірі еңбек нарығына шықты. Атап айтқанда, облыста 25 маусымнан «JUMYS TAP» пилоттық жобасы іске қосылды.

JUMYS TAP – бұл жоба ресми тіркелген жұмыссыздарды, тіркелмеген жұмыссыздарды, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды, студенттерді, зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдарды, қосымша мамандық алғысы келетін немесе жұмыс орнын ауыстырғысы келетін азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға бағытталған.

● **Орталықтар Қарағандыда «Таир» сауда орталығында (Ғарышкерлер көшесі 1В), Майкұдықта «Ұмай» сауда орталығында (Карл Маркс көшесі, 9), Пришахтинскіде «Ежик» дүкенінде (Кемеровская көшесі, 57) және Теміртау базарында (6-шы шағынауданы 24/2 мекенжайы бойынша) орналасқан.**

● **Ақпараттық қолдау үшін бос жұмыс орындары мен оқытылатын мамандықтар тізімі бар Telegram-арна іске қосылған. Call-орталығы 60-50-50 телефон нөмірі бойынша жұмыс істейді.**

● **Оқыту 1 тамызда осы жобаға қатысатын колледждер базасында басталады. Қысқа мерзімді курстар 48 мамандық бойынша өткізіледі.**

Telegram-бот

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

JUMYS TAP – бұл жоба ресми тіркелген жұмыссыздарды, тіркелмеген жұмыссыздарды, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды, студенттерді, зейнеткерлікке дейінгі жастағы адамдарды, қосымша мамандық алғысы келетін немесе жұмыс орнын ауыстырғысы келетін азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға бағытталған. Облыстық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова жобаны жүзеге асыруда кеңес беру пункттері ірі сауда орталықтары мен базарларда, адамдар көп жиналатын орындарда ұйымдастырылатынын айтады. Ол орталықтар Қарағандыда «Таир» сауда орталығында (Ғарышкерлер көшесі 1В), Майкұдықта «Ұмай» сауда орталығында (Карл Маркс көшесі, 9), Пришахтинскіде «Ежик» дүкенінде (Кемеровская көшесі, 57) және Теміртау базарында (6-шы шағынау-

даны 24/2 мекенжайы бойынша) орналасқан.

– Бұл Қарағанды және Теміртау қалаларында облыс халқының 80%-ы шоғырланғандығымен байланысты, – дейді Әсем Жүніспекова. Екінші құрал – ірі кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өтінімдері бойынша жеделдетілген курстарды тегін оқыту.

Мұнда оқыту колледждер базасында және компьютер орталықтарда жүргізіледі. – Егер бүгінгі таңда Мансап орталықтарында ресми тіркелген жұмыссыз азаматтарға ғана әлеуметтік қолдау көрсетсек, онда «JUMYS TAP» жобасы аясында азаматтардың жұмыспен қамту мәртебесіне, жасына және тіркеудің болмауына қарамастан, оқытып, жұмысқа орналасуға жәрдемдесе аламыз.


«JUMYS TAP» жобасы бойынша компьютер орталықтар мен кеңес беру пункттерінде өтініш білдірген азаматтарға жұмыс, жұмысқа орналасу, мамандық алу, қайта оқу үшін кеңестер берілетін болады, – дейді басқарма басшысы.

Ақпараттық қолдау үшін бос жұмыс орындары мен оқытылатын мамандықтар тізімі бар Telegram-арна іске қосылған.

Call-орталығы 60-50-50 телефон нөмірі бойынша жұмыс істейді.

Сонымен қатар, Call-орталық арқылы кеңестер беріледі. Онда жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, қысқа мерзімді курстарда оқыту, мемлекет тарапынан қолдау шаралары туралы мағлұмат алуға болады.

Жалпы, бұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмаларын



Реформа – өміршең өзгерістер

орындау аясында халықты жұмыспен қамтуға бағытталған.

Мұнда «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының тізілімінде тіркелген ересектерге арналған қысқа мерзімді курстарды өткізуге барлық рұқсат құжаттары бар колледждер тартылады.

Оқыту 1 тамызда осы жобаға қатысатын колледждер базасында басталады.

Қысқа мерзімді курстар 48 мамандық бойынша өткізіледі. Олардың қатарында, тігінші, шаштараз, шинномонтажшы, электр-газбен дәнекерлеуші, автомобиль фараларын реттеуші, құлау мен жақындықты реттеуші, аяқ киімді жөндеу және кілттер жасау, СММ, сайттарды әзірлеуші, бейнемонтаж, Графикалық дизайн, мобилография, маркетинг-дизайн, таргетолог, ыдыс жуушы, сылақшы-суретші, көгалдандырушы, көгал шабушы, аумақтарды жинаушы, арнайы үй-жайларды жинаушы және т. б. бар.

Мамандықтар тізіміне медициналық сияқты адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін, техникалық секілді лицензиялауға немесе рұқсат алуға жататын мамандықтар кірмейді.

Қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы Еңбек нарығының стандарттары мен талаптары бойынша бизнеспен бірлесіп әзірленген.

Теориялық және практикалық сабақтар қарастырылған, оның ішінде практикалық сабақтардың уақыты теориялық уақыттан көп болуы керек.

Дағдыларды қысқа мерзімде 5-тен 30 күнге дейін игеру қарастырылған.

Оқыту тегін жүргізіледі, нәтижесі бойынша арнайы үлгідегі сертификат беріледі.

Жылдам жөнделген жол



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды қаласындағы қозғалысы қарқынды көше екі күнде жөнделді. Нақтырақ айтсақ, Аманжолов көшесінің учаскесімен шектесетін Чкалов көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін бутанолды пайдалана отырып, полимерлі асфальт төсеу әдісімен орташа жөндеу жүргізілген. Бұл – алғаш рет қысқа уақыт ішінде жөнделген жол.



Негізінде, мұндай жұмысты толық аяқтауға кем дегенде 15 күн уақыт керек болатын. Жөнделуді рекордтық жылдамдықпен орындау мамандандырылған техниканы тиімді пайдалана білудің арқасында мүмкін болып отыр. Аталған жолды жөндеуге барлығы 60-қа жуық техника жұмылдырылған. Бұл өнімділікті едәуір арттырып, жұмысты сапалы әрі тез орындауға оң әсерін тигізді.

Аталған жолдың бұл учаскесі қаладағы көлік қозғалысы ең көп көшелердің бірі және облыс орталығын Саран, Шахтинск, Абай спутниктік қалаларымен байланыстырады. Сондықтан, жұмысты жедел орындау аса маңызды екенін айта кеткен жөн.

Жол бөлігінің жөндеу жұмыстары басталғанша облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мердігермен кездесіп, жөнделуді кешіктірмеуді мұқият тапсыр-

ды. Жол салушылар өз кезегінде жұмысты демалыс күндері екі тәулікте аяқтауға дайын екендігін мәлімдеді.

– Сіздер жұмысты өте жылдам орындайтындарыңызға қарамастан, тұрғындар тарапынан оның сапасына қатысты да шағымдар болмауы керек. Техникалық бақылау өкілдері барып, жіті тексеруі тиіс, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Осылайша, қозғалысы қауырт көшенің жолын өте жылдам аяқтаған мердігерлер мен олардың техникасының сапалы жұмысына тұрғындардың көңілі толып, алдағы уақыттағы жол жөндеу жұмыстарына осы тәжірибенің пайдалануынан үмітті екендіктерін де жасырмайды.

Өз тілшімізден

Сурет

облыс әкімдігінің сайтынан

• БРИФИНГ

Ауаның ластануы алаңдатады

Қарағанды – Қазақстандағы ауасы ең лас қала. Себебі, «Қазак-мыс» корпорациясы, Qatmet өндірістік нысандары және басқа да ірі кәсіпорындар шоғырланған, өнеркәсіптік өңір. Ал, атмосфералық ауаның ластануына дәл осы кәсіпорындардың ауаны ластайтын қалдықтарымен қатар, жылтыу секторларынан шығатын түтін әсер етуде. Мәселен, өткен жылы дәл осындай шығарындылар көлемі облыс орталығында – 37,6 мың тонна, Теміртау қаласы бойынша – 230,7 мың тонна және Балқаш қаласы бойынша – 80,7 мың тоннаны құраған. Одан бөлек, облыстың Қарағанды, Теміртау және Балқаш сияқты ірі қалаларында атмосфералық ауаның сапасы бойынша бірқатар экологиялық проблемалар бар екенін айту керек.

Аталған мәселені шешу мақсатында әкімдік жеке секторды газдандыру бойынша жұмыс жүргізуде. 2024 жылға бұл мәселеге бюджеттен 4 млрд. теңге бөлініп, қазірдің өзінде 3256 үй газбен жабдықтауға қосылды. Газ тарту желілері 8530 жеке тұрғын үйге жеткізілді.

Бірақ, Бақтияр Төлеуғазыұлы аталған көрсеткіштер әлі де төмен екенін, бұл қаланың ауа бассейнінің сапасын жақсар-

даныстағы жүйелерін толығымен жаңғырту және ауыстыру қажеттігі туралы нұсқама берілген. Кәсіпорын шығарындыларды азайту және Балқаш қаласының атмосфералық ауасының сапасын жақсарту мақсатында іс-шаралар жоспары шеңберінде 2025 жылы күкірт-қышқыл цехының екінші желісін салуды көздейді. Бұл күкірт шығарындыларын 50% немесе 31 мың тоннаға дейін төмендетуге алып келмек.

Кәсіпорын шығарындыларымен қатар, атмосфералық ауаны коммуналдық қалдықтар да ластайтынын айту керек. Мәселен, ауылдық жерлердегі қатты тұрмыстық қалдықтардың заңдастырылмаған полигондары бар. Облыс аумағында, қалдықтарды орналастыратын 168 полигон болса, оның 51-і ғана заңдастырылған, ал 117-і – заңдастырылмаған және рұқсат құжаттары жоқ.

– Табиғи ресурстар басқармасының 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Қарқара, Балқаш, Абай қалаларында және Ботақара, Нұра, Ақалдыр кенттерінде полигон салу сияқты іс-шаралар көзделген, – дейді Бақтияр Көлебаев.

Сондай-ақ, елді мекендер аумағында жыл сайын рұқсат етілмеген коқыс орындарының пайда болу проблемасы бар. Бұл жер ресурстарының сапасына теріс әсер етеді. «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ космомониторингі аясында облыста 11 стихиялық коқыс үйінділері бар екенін көрсеткен.

Бақтияр Төлеуғазыұлы көрсеткен тағы бір мәселе – ластанған суды тазарту қондырғыларының мүшкіл халі. Ал, бірқатар жерлерде ол мүлдем жоқ. Бұл бағытта жұмыстар қолға алынууда.

– Облыс әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Ақтоғай ауылында, Қарағайлы кентінде, Ақсу-Аюлы ауылында және Новодолинский кентінде кәріз желілерін және тазарту құрылыстарын салу сияқты іс-шаралар көзделгенін атап өту қажет, – дейді Бақтияр Төлеуғазыұлы.



Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Бақтияр Көлебаевтың айтуынша, Теміртау қаласының атмосфералық ауаның негізгі ластаушы – «Qatmet» АҚ. Кәсіпорынның атмосфералық ауаны ластау үлесі – 87%.

– Бұл ретте, бұрынғы инвестор «АрселорМиттал» 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға немесе 60 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған Меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамаған. 2019-2023 жылдар аралығында 23 іс-шараның ішінде шаң-газ тазарту жабдықтарын күрделі және ағымдағы жөндеу, түтін құбырларын бөлшектеу және монтаждау сияқты жергілікті сипаттағы және қор-

шаған ортаны жақсартуға айтарлықтай әсер етпейтін 7 іс-шара ғана орындалды. – дейді Бақтияр Көлебаев.

Бұл ретте жоспарланған мерзімде 10 іс-шара орындалмаған. Мысалы, электр сүзгілерін, аспирациялық қондырғыларды реконструкциялау жүргізілген жоқ. Егер шығарындыларды 8 мың тоннаға төмендетіп, қаланың ауа бассейнінің сапасын айтарлықтай жақсартуы мүмкін еді.

Бірақ, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ орнын басқан «Qatmet» АҚ өзіне бірқатар міндеттеме алды. «Qatmet» АҚ жаңа инвесторы экологияны жақсарту жөніндегі іс-шаралар көзделетін компанияны дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуде.

Теміртаудан кейін, негізгі техногендік жүктеме – Қарағанды қаласына тиесілі.

Қаланың негізгі экологиялық проблемасы – 26 мыңнан астам жер үйдің мұржасынан шығатын түтін.

туды тежеп отырғанын айтады.

– Келесі мәселе – «Kazakhstan Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуынан туындаған Балқаш қаласының атмосфералық ауасының ластануы. Мыс кенін балқыту кезінде шаң тазарту жабдықтары мен сору жүйелерінің тозуына байланысты шаң түріндегі газ қоршаған ортаға еніп, атмосфералық ауаны ластайды. Осыған байланысты мыс балқыту цехтарындағы түтін газдарын ұстау және тазарту жүйелерін толығымен жаңғырту және ауыстыру қажет, – дейді Бақтияр Көлебаев.

Профилактикалық бақылау шеңберінде 2024 жылдың соңына дейін «Kazakhstan Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты цехтарында түтін газдарын ұстау мен тазартудың қол-

Еріктілерге ел риза

Елімізде биылғы сәуір айында бастау алған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы республика жұртшылығын айнала қоршаған ортаның тазалығын сақтау мен тарихи-мәдени ескерткіштерді күтіп ұстауға жұмылдырғаны белгілі. Осы ауқымды акция аясында Абай ауданының жас еріктілері «Таза аула» челленджін іске қосқан еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы Абай аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Әлия Әшімова: – Аталған челленджте 200-ден аса еріктілер қатысуда. Олар осы маусым айының басынан бері 16 карт және мүгедек адамның үйлері мен аулаларын, бау-бақшаларын ретке келтірді. Бұл шара одан әрі жалғаса береді, – деген еді.

Соның ішінде, еріктілер Абай қаласының тұрғыны Валентина Куприяноваға көмек қолын созып, қол ұшын берді. Кейуана



ЖАЛПЫАУЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

ауруханада жатса да, олар оның үйін әктеп, шарбағын жөндеп, сырлап, ауласының шөбін шауып, коқыс қалдықтарын сыртқа шығарды.

– Менің жасы сексеннен асқан көршім Валентина апайға еріктілер жасаған қамқорлыққа алғысымды айтамын. Жасы ұлғайған қарттарға жанашырлық танытып, жәрдем жасайтын осындай жастарымыздың қатары көбейе берсін, – дейді оның көршісі, зейнеткер Қарашаш Жүнісбекова.

Еріктілердің еңбегіне ардагер кенші, бірінші топтағы мүгедек Виктор Потапов та дән риза. Олар ақсақалдың ауласын тазалап, дәлізі мен шарбағын сырлапты.

Абай ауданы еріктілеріне айтылып жатқан алғыс пен берілген батаның ақыр соңы бұл емес...

Абай ауданы

Сурет

ұйымдастырушылардан



Инвестиция инфрақұрылымды жаңғыртады

«Қазақстанда энергияны тұтыну қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Бірақ іске қосылып жатқан жаңа қуат көздері оған сай емес. Сұраныстан артық өндірілген электр қуаты таяу арада сарқылуы мүмкін. Шын мәнінде, еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты», – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Иә, энергетикалық еркіндік әзір қолымызда тұрғанымен, бұл саладағы саясатты мығым ете түсу міндеті қылаңытқалы қашан. Мемлекет басшысы маңыз берген күрмеуі сан қырлы сектордың өңірдегі ахуалы қандай?..



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн жарығымен жарысқан

Бұл сауалға жауап іздеп, лактырған кесек тасымалы деген бетте бірден өндірісті өңірді электр энергиясымен қамтамасыз ете отырып, Қазақстандағы энергетика саласындағы жетекші компаниялардың бірі болып келетін «Қарағанды Жарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің албарына түсті. Компания электр желілерінің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтып, өңірді энергиямен жабдықтауда шешуші

метіне қосымша салмақ түседі. Оның үстіне, жаз мезгілінде орталықтандырылған ыстық суы жоқ шаһар жұртшылығы жаппай су баптағыш технологияға көшкелі қашан. Ал бұл сайып келгенде, энергетика секторының қос нығызға қосымша жүк екендігі тағы аян. 60-70 жылдардағы инфрақұрылым жүйесінің есебінде бұл заманауи артықшылықтар жоқ еді. Енді күн тәртібінде электр энергиясының қосымша қорын қалыптастыру үшін жаңадан электр стансасын салу межесі тұр. Бүгінде бұл мәселе құзыретті мемлекеттік мекемелермен талқылану сатысында тұр.



рөл атқарады. Аталған компанияның бас директоры Дидар Ахмадиннің айтуынша, қолға алынған инвестициялық бағдарлама келесі мәселені кезең-кезеңімен іске асыруға серпінді дарытарлық септігін тигізуде. Әлбетте, жыл сайынғы көрсеткіштер әзір көңіл көншіте қоймағанымен, келешекте тиімділігі айқындық айғақтала түспек. 30-шы шағын ауданнан Волочаевская көшесіне дейінгі аумақты электр қуатымен қамтамасыз ететін «Оңтүстік-Шығыс» қосалқы стансасы 2012 жылы қайта жөндеуден өтті. Мұнда 40 киловаттық трансформатор орнатылды.

– Қазіргі кезде қосалқы стансаларды күрделі жөндеу ісі зор маңызға ие. Сіздер мен біздер «Оңтүстік-Шығыс» қосындында тұрмыз. Былтыр біз жаңа кабель желісін тарттық. Қосалқы станса дегенімізбен, осы нүкте арқылы аты айтып тұрғанындай қаланың тұтас Оңтүстік-Шығыс электр энергиясымен қамтылады. Өткен жылы біз бұған шұғыл кірісіп, жаңа кабельдік желілер салдық. Ал қазір осы жерден «Арай» базарының ауданына дейінгі кабельдік желілерді ауыстырып жатырмыз. Кабель 8 бірдей жіптіктен құралған полиэтиленнен жасалған 8,3 шақырым желі. Енді науаларын төсеу жүріп жатыр. Бұл ауданның электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, жоспарда 30 шағын ауданда «Болашақ» қосалқы стансасын салудың дайын жобасы бар, – деп түсінік берді компания бас директоры Дидар Айдарұлы.

Спикердің сөзінше, былайғы кезде қарапайым жанның көзіне көріне қоймағанымен, жергілікті тұрғындар электр энергиясын жыл санап артығымен қолдана түседі. Себебі, үйдегі түрлі кір жуғыш машина мен ауа баптағыштың өзі электр қуатын тұтыну көлемін геометриялық прогрессия шамасымен күрт арттырған. Салдарынан ағымдағы кабельдер мен қолданыстағы кез келген трансформатор қыз-

Тиісті келісім құжаттары әзірленген соң, аталған нысан құрылысына кемінде екі жыл сарп етілмек. Жоба белгіленген инвестициялық бағдарлама аясында реттеледі. Ал бағдарлама өз кезегінде тек табыс әкелуі қажет. Мысалы, Оңтүстік-Шығыста жаңа кабельдік желілер тартылып жатыр. Осындай амалдар келешекте күн жарығымен жарысқан энергия көзін өндіріп, өміршең жүйе құруға игі ықпал етеді.

Жаңғырған желі, жаңарған станса

Айта кеткен ләзім, «Қарағанды Жарық» желісі ірі қалалар мен шалғайдағы ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, мұқым Қарағанды облысын қамтиды. Компанияның электр желілерінің жалпы ұзындығы мыңдаған шақырымды құрап, оны жаңарту және жөндеу жұмыстары жүйелі негізде жүргізілуде. Тек соңғы жылдары ғана аталған кәсіпорын өз нысандарын жаңғыртуға қыруар қаржы инвестициялаған.

– Орталық тарату қосалқы станциясынан 8 шақырымдай жаңа полиэтиленді заманауи электр кабелін тарттық. Кабельді тарту жол қозғалысына кедергі келтірмеу үшін жаңа технология негізінде іске асырылуда. Келесі бағыт Республика даңғылы мен Сатыбалдин көшесіне ұласады. Бірден барлық аумақты желімен қамтып шығу мүмкін емес. Сондықтан, жұмыс тобын 2-3 топқа бөлу арқылы шетінен сәтінету әдісі жолымен жүзеге асырамыз. Бүгінде жұмыстың жарымы орындалды. Тамыздың орта шенінде жаңа желіні іске қосу жоспарымызда тұр, – деп хабарлады «СМУ АЗИЯ» мердігер компаниясы басшысының орынбасары Мадир Нұрмұханов.

Иә, кейінгі жылдардағы тартылған елеулі инвестициялар облыс инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталып

келеді. Мәселен, 2021 жылы компания бірнеше ірі қосалқы стансаны жаңарту жобасын аяқтап, электрмен жабдықтау сенімділігін едәуір арттыруға ықпал етті. Сондай-ақ, облыстың шалғай аудандары үшін электр энергиясына қолжетімділікті жақсартатын жаңа электр желілерін салу жобасы іске асырылды. Соның нәтижесінде «Қарағанды Жарық» тұрақты қаржылық көрсеткішінен де құралақан емес. Компанияның табысы тұрақты өсуде. Бұл оның қызметтеріне жоғары сұранысты көрсетеді. 30-шы шағын ауданда «Болашақ» жаңа қосалқы стансасын салу жоспарланған. Жарайды делік, табысы артақан қызметтің сапасының да артуы – жазылмаған заңдылық. «Қарағанды Жарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз жұмысына заманауи технологияларды белсенді енгізуде. Бұған желіні басқаруды автоматтандыру, электр энергиясын есепке алудың интеллектуалды жүйелерін енгізу, озық материалдар мен жабдықтарды пайдалану кіреді. Компания сонымен қатар өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға көп көңіл бөледі, үнемі тренингтер мен оқыту бағдарламаларын өткізеді. Компанияның маңызды жетістіктерінің бірі электр энергиясын тұтынуды дәлірек ескеруге және төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін «ақылды» есептегіш жүйесін енгізу болды. Бұл жаңашылдық тұтынушыларға энергия шығындарын бақылауға көмектеседі.

Түйткілер түйіні

– Жаз – жөндеу науқанының қызу уақыты. Өрине, тұтынушы мұны көрмейді. Сондықтан біздің компания жұмыс істемейді деп санайды. Іс жүзінде жұмыс ауқымды және тек қалада ғана емес, облыс бойынша да жүргізілуде. Ең алдымен, бұл электр қуатымен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін арттыруға бас мән беріледі. Біздің жұмысымыздың көрсет-

кіші – қысқы уақыт кезеңі. Жазда жасағаның бәрі тұтынушының қыста жарық және жылуың үздіксіз болуы үшін қажет, – деп атап өтті «Қарағанды Жарық» ЖШС техникалық директоры Константин Конради. Маусым айында орын алған апаттық жағдайлардың саны туралы тілшілер сауалына спикерлер осындай төрт жайттың тіркелгендігін растады. Оның екеуі жаңадан қосылған тұтынушы желілеріндегі зақыммен байланысты болса, екеуі жер жұмыстары кезінде зақымдалған кабельдің салдарынан орын алған. Көбінесе қала тұрғындары түнге жақын шамдардың қысқа мерзімді сөнуіне шағымданады. Мұндай шара келесі күні электр қуатын үздіксіз ұстап тұру үшін бір тізбекті екіншісіне қолма-қол ауыстыратындықтан болып жатады. Иә, күтпеген оқиғалар орын алып жататыны жасырын емес. Мәселен, бойынан жылу бөліп шығаратын трансформатор торабына көктемде құстар ұя салады. Оны ауламақ болған ит пен мысық та сол жерге жиі көтеріледі. Мұндай нысандар – егеуқұйрық атаулысының жайлы мекені. Трансформатор стендісінің жанындағы қым-қуыт тіршілік арагиді электр жарығының кілт сөнуіне ұласады.

Инвестиция игілігі

Компания өкілдері электр қуатымен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыру туралы баяндап өтті. Осы жылы жалпы сомасы 14 миллиард теңгеден асатын инвестициялық бағдарлама іске асырылуы үстінде. Компанияның жоспарында Қарағанды мен жаңа Майқұдықта қосалқы стансалар салу, үш энергия торабын (Саран, Теміртау, Қарағанды) қосатын Сарандағы әуе желісін қайта жаңарту, Қарағанды мен Шахтинскіде электр желілерін жаңғырту, жаңа қаладағы жабдықтарды техникалық оңдау, Федоров бөлігінде қосалқы станса салу межесі тұр. Бұл іс-шаралардың бір бөлігі «инвестицияға айырбас тарифі» бағдарламасы аясында да жалғаспақ.

– Өңірде 104 қосалқы станса, 1740

шақырым электр желісі бар. Ой елегінен өткізіп көріңізші. Кәдімгі алып аумақ. Оның барлығын тап-тұйнақтай ете салу әсте оңай шаруа емес екендігін терең түсінетін боларсыз. Дегенмен, жыл сайын жұмыс жүйелі негізде жүргізіледі. Бұл – бір. Екіншіден, «электр желісі ескірген» деген ортақ түсінік бүгінде өзектілігін біртін-біртін жойып келеді. Себебі, заманауи кабельді электр желісі тартылып келеді. Мәселе, жергілікті тұрғындардың электр энергиясы көлемін тұтыну мәдениетіне келіп тіреледі. Яғни, бір мезетте күндіз жаққан пәтеріңіздің шамымен қат-қабат кір жуғыш машинасын, сонсоң ауа баптағышты қосамжарланып қосу жайттары жетіп артылады, – деп тұжырым сөзін Дидар Ахмадин.

Кез келген ірі компания сияқты, «Қарағанды Жарық» та бірқатар сын-тегеуріндерге тап болады. Негізгісінің бірі шектеулі қаржы көлемінде инфрақұрылымды тұрақты жаңғырту қажеттілігі. Сондай-ақ, жосықсыз электр энергиясын ұрлау яки рұқсатсыз тұтыну мәселесін атап өту маңызды. Айтарлықтай инвестициялар легіне қарамастан, электр желілерін жаңарту одан да көп қаражатты қажет етеді. Облыстың кейбір аудандарындағы қолданыстағы желілер 50-70%-ға тозған, бұл оларды жаңарту бойынша шұғыл шараларды талап етеді. Бұл бағытта компания қосымша инвестицияларды, соның ішінде мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы тарту жолдарын іздестіруде. Жабдықтарды жаңғырту Қарағандының жүрегі саналатын «Жаңа қала» қосалқы станциясында да жүріп жатыр. Бұған дейін мұндағы оңдау жұмысы он жыл бұрын жүргізілген. Қазір жаңа, қуатты трансформатор орнатылуда. Оған тапсырыс өткен қыста берілген. Алты ай бойы Өзбекстандағы зауытта өндірілді. Орнату аяқталуда, жақын арада іске қосылады деп күтілуде.

«Қарағанды Жарық» дегенде бірден ойға оралары – сенім тұрақтылықтың алғышартындай болған, заман көшіне ілесіп білген даму мен инновация нышаны екендігі. Ғажобы сонда, осы жылдар ішінде кәсіпорын жоғары сапа мен қауіпсіздік стандарттарын сақтай отырып, тұрғын үй атаулысын үнемі электр қуатымен қамсыз қамтамасыз етіп келеді. Тек ол турасында компания өкілдерінің жақ ашып, тіс жарғаны міне осы. Пейілі ақ, көңілдері түзу. Әйтеуір, жан-жағын шырмауықша шырмаған сұқсыр сұраныстың әжетін өтеп-ақ келеді дерсіз. Алдыңызды жалқыңсары жарық қаптаған қалада ал жанбай көріңіздер, жарандар!

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ





«Ерекше мәртебелі» мамандық иесіміз

(Соңы. Басы 1-бетте)

2020 жылы кәсіби борышын өтеу кезінде 62 журналист қаза тапты, олардың көпшілігі COVID-19 жұқтыру салдарынан көз жұмды. Осы орайда Заң табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, терроризм актілері, қарулы көтерілістер, ұлтаралық қақтығыстарда қызметін мүлтіксіз жүзеге асыратын журналистерді қорғауға бағытталған нормаларды бекітті.

Заң жобасын әзірлеушілер журналистерді аккредиттеу рәсімін жеңілдетіп, автоматтандыруға арналған баспасөз карталарын енгізуді ұсынған-тын. Аккредиттеу мен баспасөз картасының тұжырымдамалық айырмашылығының болмауына байланысты бұл норманы заңнан алып тастау туралы шешім қабылданды. Алайда, «журналистің ерекше мәртебесі» және «аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі» ұғымдары енгізіліп, «журналистерді (БАҚ өкілдерін) аккредиттеу» және «масс-медиа мониторингі» ұғымдары нақтыланды.

Ең бастысы 2025 жылдан бастап мемлекеттік емес БАҚ республикалық деңгейде гранттық қаржыландыруға көшеді. Отандық телерадио хабарларын таратуды дамыту мақсатымен спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігі субсидияланбақ. Сонымен қатар журналистерді аккредиттеудің бірінші жауапкершілік жүйесі енгізілді.

Жалпы, Заңның мақұлданыуы аясында блогерлердің жұмысы журналистердің қызметімен теңестіріле ме деген сауал да назардан тыс қалмады. Не десек те, кәсіби журналисте салмақты, эмоциясыз ақпараттар беруге арнайы білімі де, тәжірибе де жеткілікті. Ал, блогерде ше?

Қателесуге құқы жоқ

Медианарықта ақпаратты кім бірінші берсе, сол ұтады. Дегенмен, әлеуметтік желінің өз «жұлдыздары» пайда болғалы шығармашылыққа адалдық жайына қалған секілді. Қазір блогерлер де журналист болып жүр. Бұл алдымен кәсіби журналист пен мен әуесқой журналистердің айырмашылығын аңғаруға жөн сілтейді. Ара-жігіні ашуға үндейді. Бүгінде журналистке қарағанда, блогерде еркіндік көп және шектеу аз. Журналист редакцияның саясаты аясында жұмыс істейді. Дегенмен, аналитикалық сараптау, талдау жағынан бәрібір блогосфера журналистикадан оза алмас анық.

Блогер журналист дайындаған ақпаратты өрбітіп, өңдеп береді. Ал кәсіби журналистке үнемі жана, нақты, қызықты ақпаратты іздеуге тура келеді. Өйткені, журналистке қателесуге де, көшіруге де болмайды.

Әлеуметтік желіде журналист ресми ақпараттық немесе идеологиялық бағытта ақпарат таратса, ал блогерлер ойын-сауықтық контент ұсынады. Сұраныс көңіл көтеретін контентке негізделгендіктен, әріптестердің кей сәтте ұтылатыны байқалып жатады. Сондықтан, кейде әріптестерге ақпараттық көңіл көтеретін бағытта икемделуге тура келеді. Ондай тәуекелге бармаса, оқырмандарды ұстап тұру қиын.

Масс-медияның алға басуына біраз кесірін тигізетін блогерлердің тілдің тазалығын бұзғанына көз жұмып қараған күннің өзінде, қоғамдық жауапкершілікті сезінбейтінін айтпаса болмас. Мемлекеттік тіл мәртебесінің күшеюі үшін де ақпараттың нақты әрі тың болғаны жақсы.

Елдің қамы, мемлекеттің мүддесі жолында жүрген журналистке қолдау азаймауы тиіс. Бұған «Масс-медиа туралы» Заң мүдделі болса нұр үстіне нұр.

Заң қабылданғанымен журналистердің көзқарасы сан алуан болуы мүмкін. Бірақ, мүдде – ортақ.

• ӨЗЕКТІ


«Әріден қозғайық, әдептен озбайық»

Әлемде төрт жүзге жуық әдеп кодексі бар екен. Яғни, әр саланың қызметкерлері Құрандай көретін кодекстерін дүниеге әкелген. Ондағы ережелерді бұзу, я болмаса оған нұқсан келтіру жанын шығарар жауапкершілік жүктесе керек.

Бүгінгідей ақпараттың ағыл-тегіл заманда осындай этикаға журналистер еусап тұр. Жіні болмаса да, сонғы уақытта бұл мәселе биік мінберлерден ара-тұра айтылып қояды.

Ақпараттың легінде жаңалықтың қайсы ақ, қайсыбірі қара екенін ажырата алмай, бұқараның «бір ұрты май, бір ұрты қан» болатыны да бар. Сондықтан да, бұдан біраз бұрын «Қазақстан Медиа Альянсы» қоғамдық бірлестігі мен «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры журналистік этика, фактчекинг, кәсіби біліктілікті талқылағаны мәлім. Әсіресе, журналистер мен шенеуніктер арасындағы бірін-бірі «қуу» мәселесі этиканы ежіктеуді табандап талап етеді. Шенеуніктен сұрағына жауап алу үшін тілшінің тұра қуалауы, одан шенеуніктің сүріне-қабына алды-артына қарамастан оқтай атылып қашуы әдеп туралы ойландырмай қоймайды. Бұл арада екі жақ тараптың қызды-қыздымен әдептен «озып» кететіні тағы бар.

Беттен алып, шашқа жармасып жатқан тірлік журналистикаға жараспайды...



Сурет ашық дереккөзден

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні құтты болсын! Қымбатты әріптестер, қаламдарыңыздан қасиет кетпесін!

«Бірінші Қарағанды» телеарнасы ұжымының атынан баршаңызға кәсіби жетістік, шығармашылық табыс пен шалқар шабыт тілеуіміз!

**Ержан МАҚАТОВ,
«Бірінші Қарағанды» телеарнасының директоры**

Қығалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шенеунікті қуалау» үрдісі, ақпараттық дағдарыс

Халықаралық деңгейде өткен осы бір жоғарыдағы алқалы басқосуда журналистік этика кодексі де назарға алынғаны белгілі. Сенсация қуалап жүріп, шектен шығып кететін жағдайлар көп. Бұл туралы Қайнар Олжай «Дәл журналистика саласын ғана мысалға алайын. Бұрынғы қалам иелерінде жауапкершілік бар еді. Қазір де жауапкершілік жоқ дей алмаймын. Алайда, бүгінгі жауапкершілік сені сотқа сүйрейді. Ал бұрынғы журналистердің әрқайсысы ішкі жауапкершілігін жақсы білетін», – дейді. Әдеп те жауапкершіліктен шығады. Осы арада «жауапкершілікті сезінбейміз бе?» деген сұрқай сауал сұмаңдайды. Әдептен озақ, яғни...

Республикадағы әріптестер «журналистер – зиялы қауым өкілі, қоғам айнасы» деседі. Яки, айна қисық болса, қоғам түзелмек емес. Бұл күнгі айна қандай?

– Екі тарап та кінәлі. Біз, медиа қауымдастығы, қазір бұл мәселені қалай шешу керектігін түсінуіміз керек. Журналистиканың негізгі мақсаты, өздеріңіз білетіндей, қоғамды ақпараттандыру, маңызды мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу және қоғамнан билікке дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін ақпаратты жеткізу. Азаматтарға шаршаған шенеуніктер мен оларды қуалап жүрген журналистер туралы даулы оқиғалар қажет емес. Халыққа сапалы, сенімді ақпарат қажет, ал бұл ақпараттың қайнар көзі билік органдары, олар өз жұмысында ашықтықты ұстануы тиіс.

Біздің медиа салада көптеген ұйым бар. Бірақ, біріккен журналистік этика кодексі жоқ. Біз 2020 жылы этика кодексін дайындаған едік. Ендігі ретте оны жетілдіру қажет. Бүгінде жасанды интеллектің жұмыс барысында пайдалануды этика стандартына сай жүргізу қажет. Медиа этика мәселесі билік деңгейінде көтеріле бермейді. Көбіне медиа қауымдастықтың ішін-

де ғана талқыланады. Мақсатымыз – осы тақырыпты ортаға салып, этика кодексін ұстануды насихаттау. Көп жағдайда ақиқатқа жанаспайтын ақпараттарды таратып, сенсацияны қуалау арқылы осы этика нормаларынан аттап жатамыз. Сол себепті мәселеге бей-жай қарамаған жөн. Себебі журналистер – қоғам айнасы, интелгенция өкілдері, – деген болатын «Қазақстан Медиа Альянсы» ҚБ атқарушы директоры Қанат Сахаринов (Nur.kz).

Бұл пікірді британдық сарапшы, Журналистік этика желісінің (Ethical Journalism Network) президенті Айдан Уайт та қуаттайды. Ол да бұқаралық ақпарат құралдары – тәуелсіз форматта жұмыс істей отырып, этикалық нормаларды сақтауы керек деген пікірді ұстанады.

«Адамдар естігендеріне мүлдем сенбейді. Олар теледидар жаңалықтарына сенімсіздікпен қарайды. Жалпы, біз ақпараттық білім дағдарысы туралы айтып отырмыз. Әр адам ақпаратты қабылдаған сайын, ол шатасып, естігендеріне күмәндана бастайды. Бұл насихат емес пе? Әлде біреудің алдын ала пікірлері ме, немесе адам қандай да бір қорлау манипуляцияларының объектісіне айналды ма деген ойға келеді», – депті ол.

Негұрлым бетпақ болсаңыз, соғұрлым қоғамға сүйкімдісіз

Төртінші билікпіз деп, кеуде соққан – өз алдына. Жесе бастың, ар-ожданңың сақталуын жадыда ұстау – парыз. Қандай жағдайда да адам адамдыктан алыста-

• ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІНДЕ

Көкжәшіктегі көкжиіек

Мақтанғанымыз емес, Қарағанды журналистика мектебінің өз биігі бар. Әсіресе, телеиндустрия саласында. Өңірдегі арналардың байыпты бағыттары бар болғандықтан, олардың телеөнімдері – өтімді. Сол себепті де арна елден, ел арнадан алыстамады. Олар аймақтың ғана айтарын емес, тұтас ұлттың сөзін сөйлейді. Арнайы түсірілген сюжет, бағдарлама арқылы. Біз бүгін соған шолу жасап көрмекпіз.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасырауы жоқ, телеарнадағы рейтинг қуалаған түрлі ток-шоуга көптің көңілі тола бермейді. Бірақ, «Сауағар» телеарнасының үлкен студиясында түсірілетін «Ойталқы» саяси-қоғамдық ток-шоуының көздегені әсте ол емес. Хабарда ел ішіндегі ірікіліп тұрған мәселелер студия қонақтарымен, яғни, арнайы мамандар, халық қалаушылары және зиялы қауым өкілдерімен бірге талқыға салынады. Яғни, ашық пікірдің алаңы. Мәселен, той мәдениеті, отбасы құндылығы, бала тәрбиесі секілді толғаулы тақырыптар жөнінде түрлі пікір таразыланады. Мұнымен қоса, аймақтағы проблемаларды өткіз көтеріп, оның шешілу жолдарын қарастырады. Энергетика саласының ақсап тұрғанын, ауылдардың сапалы интернетпен қамтамасыз етілуін бағдарлама арқылы байыптайды. Айына екі рет шықса да, атауы айтып тұрғандай тақырыпқа сай түрлі ой талқыланады.

Белгілі журналист Әшімхан Жанпейісовтің «ДАТ» ақпаратты-сараптамалық

тележобасында да таңдаулы тақырыптар төңірегінде әңгіме өрбиді. Тележурналистиканың тарланбозы облыстың саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани өміріндегі маңызды деген оқиғаларға сараптама жасайды, сол арқылы көрерменге ой тастайды. Тележобаның әр санында экономика мен экология, тарихнама мен ұлттық рух, тіл мен дәстүр, өнер мен мәдениет, қоғамдық келісім мен татулық, заң мен құқық қорғау, ұрпақ тәрбиесі мен ұлт денсаулығы, білім мен ілім, өндіріс пен ауыл шаруашылығы, әлеуметтік қорғау сияқты қоғамның сан алуан саласы қамтылады. Жиырма минуттық тележоба кеңістіктегі оқиғаларды уақыттың өлшеміне салынған микрожиынтық ретінде бағамдайды.

«Бірінші Қарағанды» арнасындағы Андрей Теннің «Подкаст.kz» авторлық бағдарламасының қарағандылықтарға пайдасы тиіп тұр. Сараптамалық бағытында экранға шығатын бағдарламада жол, су, жарық, көше тазалығы секілді тұрғындардың мәселесі ашық айтылады. Және арнайы шығарылым ізімен олардың шешілу барысы барынша қадағаланады.



Сурет ашық дереккөзден

Қазақ тіліне әлі де қамқорлық керек. Осы орайда «Бірінші Қарағанды» арнасы мемлекеттік тілге арнайы бағдарлама арнап отыр. «Тіл-тұғыры» атты. Онда мемлекеттік тілді білудің арқасында жетістікке жеткен өзге этнос өкілдері, өңіріміздегі мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосқан тіл жанашырлары, қоғам қайраткерлері, сала мамандары қонақ болып, қазақ тілінің насихатталуы аясында сөз қозғайды.

Мұнымен қоса, аталған арнаның «Бағыт» бағдарламасының әр шығарылымында әлеумет, экономика, өндіріс, қаржы саласындағы реформалар барынша тарқатылады. Бұдан көрермен өзіне қажетті

мол мәлімет алып, танымын арттырады.

Жақында жарық көрген «Таным» бағдарламасының да бағыты айқын. Яғни, арнайы репортаж арқылы өңірдегі ғылым саласын зерделейді. Жас ғалымдардың жаңалықтарын жарыққа шығарады.

«5 арнадағы» журналист Айдан Тонтайтегінің «Ел тағдыры – ерге аманат» атты авторлық бағдарламасының көрерменімен қауышқанына бір жыл толды. Рас, қазір жастар Отан қорғаудан қашады. Әскери журналистің бағдарлама арқылы көздегені – жастардың рухын көтеру, елін, жерін қастерлеп, қадірлеуге үйрету. Бұл аймақтағы телеарналар арасында әскери өмір көрсетілетін жалғыз телебағдарлама

мауы шарт. Адам сол үшін адам. Өзге кеудесінде жаны барлардан сонысымен артық.

Негізі, «Fourth Estate» – ағылшын сөзі. Тура мағынасы – төртінші тап, төртінші билік. Бұл – БАҚ-қа батыс елінің берген эпитеті. Алғаш осы терминді қолданысқа енгізген көрнекті британдық жазушы, публицист, журналист, аудармашы Томас Карлейль дейді ақылды ашық ресурс. Бізде кеңес үкіметі құлаған соң ғана қолданыла бастады. Өйткені оған дейін кеңес өкіметі билікті бөлген емес. БАҚ-ты төртінші билік деп әспеттемек түгілі. Тәуелсіздікпен бірге келген отандық БАҚ-тың бұл эпитеті қазір Құдайдың құтты күні тілге тиік.

Абсолютті тәуелсіздік болмайтыны секілді цензура абсолютті жоқ деуге тағы келмейді. Бірақ, бұл қылша мойынды талша қылар, төбеден мылтықпен төніп тұрған цензура бар дегендік те емес. Әркімнің өзінің ішкі цензурасы болуы тиіс. Мына әлемде әр ненің өз өлшемі барлығы секілді БАҚ-тың да өзіндік шек-шекарасы бар. Әйткенмен, қазір демократия дегенді «тіл мен жақ өзіндік, не десем де хақым бар» деумен шатастырып алғандар сұмдық көп. Оның арасынан әріптестеріміз де кездесіп қалады. Айтып-айтпай не керек, «бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалмажан» (Абай) деген басымыздан өтіп тұрады. Этикет, әдеп мәселесі – қазіргі қоғамда қолыңа шам алып іздейтін құндылыққа айналған. Бұған тілші қауымы да ұшырап қалып жатады.

Шыны керек, бүгінгі біздің журналистика – әріптестер кешірсін, бетпақ журналистика. Орыстар «стерва» дейді мұны. Қазақ «бетпақ» дейді. Қазақ мұны ертеректе әйелге қатысты айтатын. Қазіргі күні бұл сөз жыныс талғамайтын боп алған. Өйткені әйелдер қауымы ерлерден шалбарды алған күні оларға бетпақтықты айырбасқа салып жіберген секілді.

Сонымен осы күні жас-кәрі, ер-әйел, бәрібір, қолыңда камера, микрофоны, смартфон бар тілші атаулы беттен алып, шаужайына жармасып жатады. Әсіресе, биліктегілерді көргенде қызылды көрген өгіздей есіріп кететін «дерт» шыққан. Тілші солай екен деп, ауыздарын бақпай қалайындар да жоқ емес. Әлеуметтік желіде мәдениеттен мақұрым, бейәдеп сөздерді топырлата төге салу – осы күні ешкімге тансық емес. Себебі, неғұрлым бетпақ болсаңыз, соғұрлым қоғамға сүйкімдісіз.

Мұны соры қалың сормандай билік те мойындап қойған. Мойындағаны сол, басынан төмен қарай жуынды құйып, жиіркенішті қылғанға атақ, даңқ беріп адаса бастады. Содан соң демократия деген осы екен дегендер қазір аузындағы сөзіне қаруыл қояудан қалды. Сосын кімге өкпелейміз? Тілшіге ме, шенеунікке ме? Әдепті кімнен сұраған абзал?

Шенділер де шектен шықпауы тиіс

Не десек те, журналисті «ашындыратын» әрекеттер де шенеуніктер тарапынан тыйылуы тиіс. Бір ақпарат сұралса, жауапты ағалар күтетін жағдай өте көп. Биліктегілердің БАҚ өкіліне бірден тікелей жауап беру мүмкіндігі осы жоғарыда айтып отырған журналистік этика кодексінде көрсетілуі қажет. Бұл арада тек тілші қауымын айыпты ету жарамас. Әдептен аттауға итермелейтін шенділердің бары да ескерілуі керек. Десек те, этика мәселесі әлі де өзекті.

– Мемлекеттік қызметке жүргеннен соң олар әр сұраққа дайын болғаны жөн. Қазір ойлансып, толғанып жауап беруді уақыт көтермейді. Тілшілер сол қызметі төңірегіндегі белгілі бір мәселеге қатысты сауал қояды. Оның мақсаты ақпаратты желел тарту. Бұл арада шенеуніктердің де этиканы сақтауы талап етіледі, – дейді журналист Ақмарал Баязитова.

Түйін

Әдеп жайы – әманда нәзік тақырып. Әдептің ауқымы кең. Оның арғы жағында қазақ жанының садақасына байланып ар мен ұят бар. Қақпағы жоқ жаз секілді қоғамда кейде осы ар мен ұят туралы айтудың өзі бір түрлі секілді. Дегенмен де, айттық...

екенін айта кетуіміз керек.

Аймақтағы телеарналардың таңғы бағдарламаларға да таласы бар. «5 арнаның» жиырма минуттық «Сәтті күн болсын!» таңғы бағдарламасы көрерменге серпіліс, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Онда түрлі қызықты сюжеттер көксандық арқылы көпшілікке ұсынылады. «Сауағар» телеарнасындағы «Сәлем, Қарағанды!» танымдық таңғы бағдарламасы да өз көрермендерін баурап үлгерген. Бұдан көпшілік арайлап атқан әр таң сайын қызықты ақпаратқа қанығып, әуезді ән тыңдап, мамандардың келетін кенесін кезіктіреді.

Сонымен қатар, «5 арнаның» «Спорттық бестік!» бағдарламасында өңірдегі түрлі спорт түрінен жетістікке жетіп жүрген спортшылар, олардың бапкерлері қонаққа шақырылады. Сонымен қатар, спорт залдарындағы жаттығуларды, түрлі додаларды арнайы сюжетке түсіріп, көрерменге ұсынады. Осы бағыттағы «Сауағар» телеарнасының да «Арена» спорттық бағдарламасы бар. Екеуінің де мазмұны, мақсаты – бір.

«Сауағар» телеарнасындағы «Аймақ айнасы» хабары ауыл-ауылды аралайды. Ондағы қонақтар тіршілікті, ерекше кейіпкерлерін, еңбек адамдарын таспалайды.

Қысқасы, өңіріміздегі телеиндустрияның бүгінгі телеөнімдері осындай. Барлығы елдің ортақ игілігіне бағытталған. Дегенмен, бағамдайтын да, бағалайтын да, әрине, мәртебелі көрермен!

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Журналист – оқиғалар мен адамдар арасындағы алтын көпір»

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, ардагер журналист Аман Жанғожин мен жүзестік. Еңбек жолын кен инженері, ғылыми қызметкер болып бастаған кәсіп журналистің жеке мұрағатында аты аңызға айналған «Ortalyq Qazaqstan» басылымының шығармашылық ғұмырдағы сандаған жылдық жұмысы жасырынып жатыр. Біз кейіпкеріміздің кенен тәжірибесі, газет тарихы және қазіргі журналистикаға көзқарасы туралы емен-жарқын пікір алмасқанды құп көрдік...

– Аман Жағдаулы, «Масс-медиа туралы» ұзақ талқыланған жаңа Заңға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Журналистика саласының мейталануы ретіндегі пікіріңіз оқырманымызға маңызды болары шүбәсіз. Сіз не дейсіз?

– Бірден айтайын. Жаңа Заң – Қазақстанның медиа саласын дамытудағы маңызды қадам. Мәселен, «Бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымын кеңейту арқылы қоғамның қазіргі тенденциялары мен сұраныстарын жақсы ескеруге соны мүмкіндік екенін ескермесе болмайды. Әсіресе, бірыңғай медиаплатформаны енгізу ақпараттық қауіпсіздік үшін ерекше маңызды аспект. Біздің пікірімізше, бұл журналистерді аккредиттеу үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне де грант ұсынудың ашық тетіктерін қадап, өз кезегінде тәуелсіз журналистиканың дамуын ынталандырады. Бірақ, ақпарат алаңындағы ашықтықтың қағидаттары қатаң сақталмаса, орталықтандырылған медиакөрсеткіш бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік бақылауды күшейту құралына айналып кетуі де кәдік. Ал, «Журналистің ерекше мәртебесі» ұғымын енгізуді оң қадам деп санаймын. Тілшінің ақпаратты іздеу мен таратудағы кеңейтілген құқықтары, сондай-ақ, қосымша құқықтық кепілдіктер баспасөз бостандығын едәуір нығайтады. Халықаралық тәжірибені мысалға алсақ, Еуроодақ пен Америка Құрама Штаттары заңнамаларында осы сынды кепілдіктер бұрыннан бар. Ессіне еркін және тәуелсіз журналистиканың дамуына ықпал ететін ұғым тиімділігі әлдеқашан дәлелденген. Қорытындыласақ, «Масс-медиа туралы» жаңа Заңның Қазақстандағы медиа органы айтарлықтай жақсарту үшін әлеуеті бар. Алайда, оны сәтті жүзеге асыру қайталап айтайын, ашықтық қағидатының қаншалықты мұқият орындалатынына тікелей байланысты!

– Әсерлі әңгімеңізді әрі қарай ендігі Сіздің журналистикадағы сапарыңыз жайлы өрбітсек. Аман Жанғожин бұл қиындығы мен қызығы қатар жүретін сұрлеуге қалай түсіті?

– «Журналистика – тек мамандық емес, өмір салты» дейтіні бар еді Гейри Менкеннің. Тап солай! Көзімізді тырнап ашқала бері білім нәрін тек газет пен кітап беттерінен сіңіретін едік қой. Ол шақтарда бүгінгідей көп-көсір ақпарат ағыны жоқ-тұғын. Газет пен кітап бізге бәрін берді десек болады. Тұтас қауымды тәрбиелейтін құрал газет пен кітап болатын. 1959 жылы қазыналы Қарағандыдағы №2 мектеп-интернатына орналасқан уағымда Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров сынды Алаш арыстарының бір тобы ақтала бастады. Қазақ әдебиеті өзінің тұғырына қайта қонды. Сол білім ошағында оқып жүргенімде шахмат үйірмесіне қатысатын едім. Менің шахматтағы ұстазым түрлі турнир жеңімдегі ақпаратты газет бетіне жариялауды әдет ететін. Бірте-бірте «Мақала қалай жазылады?», «Ақпаратты қайтп жариялайды?» деген сауалдарға үнле бастадым. Нәтижесінде өзімнің де бірнеше мақала шығып, кәдімгідей жасап қалғаным бар. Менің көсемсөз жанрындағы алғашқы қадамдарым осылай өрбіді. Ал, журналист ретіндегі мансабым 1974 жылдан бастау алды. Ол кезде журналист шындықты бұқара халыққа жеткізіп ел өміріне айтарлықтай әсер ете алатын кәсіп мамандық болатын. Шынымыз айтсақ, әрқашан кез келген маңызды істің бел ортасында жүргенді қаладым.

– Сіздің тұлғалық қырыңыз «Орталыққа» табан тірегеніңізде ашыла түсті. Газет сізге не берді?

– «Ortalyq Qazaqstan» – Қазақстанның ең байырғы да байсалды және ең құрметті газеттерінің бірі. Басылым – индустриаландыру, сұрапыл соғыс, қайта құру, Қазақстанның тәуелсіздігі сынды көптеген тағдыршешті тарих оқиғаларының тірі куәгері. Бұл сарабал салада қырық жылдан астам уақыт жұмыс істей жүріп, уақыт пен технологияның күрт өзгергенін көрдім. Иә, қазір көп нәрсе түбегейлі өзгерді. Бірақ, бір нәрсе еш өзгеріссіз қалды. Сіз бен біздің шындық пен халыққа қызмет етуге деген адалдығымыз өзгермеді. Бұл тұрғыда айтармыз аз емес. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарында газет жауынгерлік рухты қолдауда теңдессіз рөл атқарды. Мәселен, қан майданнан қатардағы жауынгерлердің хаттары мен жүрекжарды өлең жолдарын жариялап тұрды. Солардың кейін тағдыры қалай болғанын анықтап, ұрпақтарымен тілдескенім бар, олар газетке жарияланды да. 90-шы жылдары Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгенінде «Ortalyq Qazaqstan» жаңа саяси әрі экономикалық формация атуалысын басылым бетінде талқылау мен дамыту мақсатын берік ұстап, маңызды тұғырнамаға айнала білді. Біз әрқашан ақпараттық күресте болуға, адамдарға айналда не болып жатқанын түсінуге көмектесуге тырыстық. Енді өзіңіз хабардар боларсыз. Мен осы саладан зейнеткерлікке шықтым. Яғни, саналы ғұмырым публицистикамен тікелей байланысты. Басылымда жұмысқа қабылданғанымызда аталған мамандық маған күрделі болып көрінгені рас. Өсте-өсте сонсон төселіп кеттік. Кейін тіпті жазбасқа тұра алмайтын, көңіліміз көншімейтін халге келдік. Газет маған қажеттінің бәрін берді. Ең құнды тәжірибе – керемет адамдармен жұмыс істеу мүмкіндігі. Газет ұжымы небір талантты да елжанды көркем жандарға толы болды. Редакторларым ғылым кандидаты Рамазан Сағымбеков, партия қызметкері Тілеухан Жүсіпов, 1991 жылғы тамыз бүлігінде билікке қасқайып қарсы шыққан, өз арамызда «қаһарман» атанып кеткен Нұрмахан Оразбеков, ширек ғасыр басшы болып, «XX ғасырдың жиырмасыншы редакторы» атанып кеткен Мағауия Сембай сынды асыл азаматтар еді. Әр мақалада, әр



Қадірлі әріптестер!

Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұқаралық ақпарат құралдары егемен елімізде азаматтық диалогтың ашық алаңына айналғаны ақиқат. Отандық медиа саласы бүгінде қаламы қарымды, ойы алымды журналистердің тынымсыз ізденісі мен кәсіби шеберлігінің арқасында дамуының даңғыл жолына түсті. Әріптестерге шалқар шабыт пен шығармашылық табыс тілейміз. Қаламдарыңыздың нас тұлпары қаңтарылмасын. Келдек қаламдарыңыздың ұшынан кесек ой туындасын. Отбасыларыңызға құйса толмайтын, төгілсе азаймайтын бақ пен береке тілейміз!

Берік ДҮЙСЕТАЕВ,
«SARYARQA» телеарнасының директоры

жаңалықта көздеген жеке мен мерзім үдесінен шығу үшін күн мен түн демей жігерлі жұмыс істегеніміз есімде. Бұл – ұжымдық жұмыс, кемелдікке ұмтылу! Осындай сәуелі сәттер есімнен шықпаса, сірә да. Шүкір, абырой мен беделден кенде емеспіз. Бастысы, ел сеніп тапсырған аманат істі өз дәрежесінде орындай білдік деп ойлаймыз.

– Осыны жылдар ішінде билік тарабының әлдебір цензурасына немесе қысымына тап болған кезіңіз болған шығар. Онымен қалай күрестіңіз?

– Әрине, бірнеше рет! Қайта құру жылдары еліміз үлкен өзгерістерді бастан кешті. Сол күндері ақпарат саласы күні бітіп бара жатқан коммунистік



партияның қатаң бақылауында болды және әрбір материал қадағалау елегінен өтті. Бірақ жоғарыда аты аталған қаһарман редакторымыз Нұрмахан ағамыздың қолдауына сүйеніп, шындықты шырылдатып жариялаудың жақтаушысы болдым. Тағы бірде-бір оқыс оқиға 1990 жылдардың соңына қарай өрбіді. Ол кезде мен бас редактордың орынбасары қызметінде едім. Қызметтес әріптесім облыстық дәрежедегі мекеменің бірінде сыбайлас жемқорлық туралы мақала дайындап жүрген еді. Қоржынында сенімді дәлелдер мен дәйектер болды. Бірақ, әлгі дүние жарияланбас бұрын бізге жоғары лауазымды шенеунік қоңырау шалып, «көнебеген» жағдайда оның салдары болатындығын «ескертті», материалды номерден алып тастауды ұсынған еді. Бірақ, біз дәлелді дәйекті болғандықтан, ештеңеден шімірікпей мақаланы жариялап жібердік. Сөйтіп, шындық тұғырынан түспеді. Шенеунік орнынан алынды. Құзырлы мекеме ешқандай қосалқы көрсете алмады. Мұның өзі адалдық пен батылдық журналистің басты қасиеті екенін көрсетеді. Қысым мен қауіп-қатерге қарамастан, сіз әрқашан шындық пен әділдікті қорғауға ұмтылуыңыз керек. Әр қаламгер мансап жолында дәл осылай жасауға тырысса, біз қоғам алдындағы қасиетті борышымызды адал өтеген боламыз.

– Бүгінгі ақпарат ауанын өзіңіз бағамдап жүрген боларсыз. Жиырма бірінші ғасырдағы газет қандай болуы керек Сіздіңше?

– Қазіргі журналистика айтарлықтай өзгерді. Бір жағынан, технология жаңа мүмкіндіктер берді.

Интернет, әлеуметтік желілер, ақпаратқа жедел қолжетімділікті айтамыз. Екінші жағынан, журналистиканың алдында кесе-көлденең тұрған жаңа қиындықтар да жоқ емес. Жалған жаңалық, сантүрлі мүдделер қақтығысы мен қысымы. Бүгінгі журналист гаджетте болсын, газетте болсын, ең бастысы – оқырман алдындағы адалдық пен жауапкершілікті есте сақтауы бәрінен маңызды деп есептеймін. Мен жас журналистерге табанды және адал болуды тілеймін. Қиындықтан қорықпаңыз, шындықты ізденіңіз және әрқашан қоғам алдындағы жауапкершілігіңізді есте сақтаңыз. Журналистика тек жұмыс емес, бұл миссия! Өз принциптеріңізге адал болыңыз, сонда сіз табысқа жетесіз. Жалпы бүгінгі журналистика бұрын-соңды болмағандай «тірі» және серпінді болуы қажет. Цифрлық дәуірде, әр сөз жаңа дерек пен оқиғаны алдыңызға тосатын кезде, журналист өзгеріс пен трендтен хабардар болуға міндетті. Бүгінде интернет жаңалығының тұтас аудиториясы 4 миллиардтан асты. Бұл өз кезегінде сандық мазмұнның ерекше маңыздылығын көрсетеді. Бірақ, бұрнағы бейтараптылықпен қатар, журналистикаға арагидік субъективтілік қажет. Иә, Сіз қағыс естімедіңіз. Журналистің дауысы анық және сенімді болуы маңызды. Жеке пікір, сараптамалық түсініктемелер және болжамдар материалды бірегей және есте қаларлық етеді. Газет пен гаджет қатар жүруі керек. Баспа басылымдары оқиғаларды мұқият және терең талдау арқылы өзектілігін сақтайды. Сонымен қатар, мобилді қосымшалар мен сайттар жаңалықтарды бірден алуға және 24/7 аудиториямен байланыста болуға мүмкіндік береді. Мысалы, халықаралық Statista мәліметтері бойынша, АҚШ-тағы ересектердің 65%-ы мобилді құрылғылардан жаңалық

тұтынады. Бұл фактіні есте елемей салуға болмайды. Бүгінгі журналистика – бұл ескі және жаңа, баспасөзі мен сандық мазмұнның, объективтілік пен субъективтіліктің симбиозы. Тәжірибе жасаудан қорықпау, ақпаратты жеткізудің жаңа формалары мен тәсілдерін іздеу маңызды. Бұл тез өзгеретін әлемде сұранысқа ие және өзекті болып қалуың жолы. Бірақ, сөз бен сәнсазия арасындағы шек маңызды.

– Алдағы төл мерекеніңізбен құттықтай отырып, қазірде «мен жайлы мен ғана білемін» деген қағидатқа сүйенсек дейміз. Өзіңізше Сіз кімсіз, Аман Жағдаулы?

– Рахмет, айналайын. Мына сауалыңыз шы-



• СПОРТ КОММЕНТАТОРЫ

Жеңісті жолдың жаршысы

«Сарыарқа» хоккей клубы – Қарағандының абыройын жаһандық аренада асқақтатып жүрген ұжым. 2006 жылы құрылған. Содан бері Жоғары хоккей лигасының екі дүркін чемпионы болған. «Братина» және «Петров» кубоктарының иегері. Жоғары хоккей лигасының тұрақты чемпионатында да екі рет көш басынан көрінді. Үш дүркін Қазақстан чемпионы. Үш мәрте ел кубогін қанжығалады. «Сарыарқа» – қарағандылықтардың мақтанышы. Кешілер шаһарының жанкүйерлері мұз айдыны шеберлерінің әр ойынына қолдау көрсетуден қалыс қалған емес. Аренаға бара алмағаны тікелей эфирде тамашалайды. Өкнішке қарай, 2021 жылға дейін тікелей эфирде «Сарыарқаның» матчтарына ешкім қазақ тілінде комментарий жасаған жоқ. 2020 жылы пандемиядан кейін «Сарыарқа» клубы Қазақстан чемпионатына оралды. Содан бері, яғни, 2021 жылы бұл орынға Ботабек Тілеуенов келді. Ол – Қарағанды хоккейіндегі тұңғыш әрі жалғыз қазақ тілді комментатор.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ботабек Тілеуенов Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің журналистика кафедрасына оқуға түскен бетте спорттық журналистика саласын таңдаған екен. Мектеп қабырғасынан бастап спортқа аңсары ауған жас өрен осы саладан басқа ешқайсына бармаймын деп, табандап тұрып алыпты. Дипломдық жұмысын да осы тақырыпта қорғаған. Бұл күнде өзі қызмет ететін облыстық «SARYARQA» телеарнасында да өзінің әуелгі мақсатынан тайқыған жоқ. Ол «Арена», «Чемпионмен жүздесу» секілді хабарлардың авторы. Арқадан шығып, ел намысын әлем алдында қорғап жүрген чемпиондармен сұхбат құрып, оларды өңір тұрғындарына дәріптеп жүр. Қарағандыда өтетін байрақты бәсекелердің жаршысы. Бір сөзбен айтқанда, ол – Қарағандыдағы кәсіби спорт журналисі.

«Сарыарқа» хоккей клубына комментатор болып тағайындалғанда, оны әуелде ешкім мойындай қоймаған екен. Себебі, Қарағандыдағы хоккей он жылдан астам уақыт тек орыс тілінде ғана жүргізіліп келген. Ал, он жыл дегеніңіз есте аз уақыт емес. Бұл уақытта жанкүйер түгелі бүтін қоғамды тәрбиелеп тастауға болады. Ресми тілге әбден құлағы үйренген қарағандылық жанкүйерлердің алдына бірінші болып барған – Ботабек Тілеуенов.

– Хоккейдің аудиториясы – орысша, негізі. Қазақы ортада хоккей танымал емес десек те болады. Мүлде танымал емес деуге де келмейді. Әуелде, футбол комментаторы болсам деп армандадым. Бірақ, хоккей ойындарын тамашалап, қызығушылығым оялды. Өте қызықты спорт. Ауаны керемет әсер сыйлайды. Қақтығысып, жарысып жүріп ойнайтын нағыз ерлердің ойыны. Мұз айдыннан ерте тән мінез есіп тұрады. Оның үстіне, «Сарыарқаға» комментатор болу – мен үшін зор мақтаныш. Себебі, жерлестеріміздің халықаралық аренада өзіндік орны бар. Кез келген қарсылас сәскендеді. Мақсатым – қарағандылық хоккей жанкүйерлеріне танымал комментатор болып, хоккей әлемінде ана тілінің тұғырын биіктету, – деді Ботабек Тілеуенов.

Әрине, «Сайрағанның бәрі бұлбұл емес». Ал, Ботабек әріптесіміз – өз саласының кәнігі маманы.

Сұхбаттасқан
Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер А.Жанғожиннің жеке мұрағатынан



Талдының тамырына қан жүгірткен

Әдетте, ауыл әкімдігіне экономист, мұғалім, заңгер, агроном секілді мамандар сайлауға түседі. Ал, журналистен әкім шыға ма? Шығады екен. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі саяси реформалар аясында аудан, ауыл әкімдерін сайлау жөнінде пәрмен берген еді. Халық қалаған әкімін өзі сайлап алады. Осыдан он ай бұрын Шет ауданы, Талды ауылында әкім сайлауы өтті. Оған «Қазақстан» Ұлттық арнасының Қарағанды қосынына он бес жыл бойы жетекшілік еткен кәсіби журналист Нұрлан Әбжанов өз кандидатурасын ұсынды. Өзі осы өңірдің топырағында туып-өскендіктен халық қолдап, 251 дауыс жинап, әкім болып сайланады. Журналист-әкім бүгінде ауылды өркендету жолында жүр. Осы жолда қаншалықты қабыр-қайрат жұмсап жатыр. Бізге де қызық...

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Журналистен әкім қалай шықты?

Ұлттық арнада ұзақ жыл қызмет ете жүріп, аймақтың көптеген күрмеулі мәселесінің шешімін табуға ықпал еткен Нұрлан Аманұлының ендігі тұмырын туган ауылын түлетуге жұмсаймын деген ой көктен түскен жоқ. Қаладан да, ауданнан да аса алыс жатпаса да, тұрмысы жүдеу тартқан ауылының ахуалы жанын жегідей жесе керек.

Журналист кезінде ауылының маңызды деген мәселелерін телеарнада ашық көтереді. Мәселен, тозығы әбден жеткен ауыл мектебіне 2003 жылы күрделі жөндеу жұмыстарын жасауға атсалысады. Сол жылы аңқасы кепкен ауылына сапалы ауызсу тартып беруге де күшін салады. Құмқол ауылына көпір керек деп те билік назарын аудартады. Тізе берсек, жалғаса береді. Журналистикадағы осы бір еңбектері елеусіз емес. Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын «Алтын микрофон» аталымы бойынша жеңіп алады. Микрофоны арқылы ауылға қызмет қылған журналист-әкім ақыры ауылына қайтуға белді бекем буган екен.

Нұрлан Аманұлы телеарнадағы қызметінен соң Қарағанды облысы бойынша «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы болып екі жыл қызмет жасады. Одан соң облыстық прокуратураның бас маманы ретінде тағы екі жыл еңбек етеді. Кейіннен «БиАта» шаруа қожалығын құрып, асыл тұқымды сиыр өсіреді. Әкімнің өзі: «Әр қызметімен түрлі тәжірибе жинадым. Әсіресе, журналистикадан жан-жақты болуды үйрендік. Заң саласында жүріп, заңдылықтарды меңгердік. Кәсіпкерлік палатадан кәсіп-пен айналысуды, қаражат тартудың түрлі тетіктерін түйсіндік. Осының бәрі ендігі жаңа қызметіме септігі тиеді деп ойлаймын», – дейді.

Он айдағы оң игі іс

Талды ауылының кіреберінен жақында ғана Сеңкібай би бабамызға арналған алаң салыныпты. Би атаңың мазарына қыс пен көктемде көлік жете алмайды екен. Соны ескерген ауыл әкімі Сеңкібай бидің киесіне айналған сұңқарды тұғырға қондырып, тақтаға бидің аталы сөзін жазып, арнайы орындық қойыпты. Бұл – ауылға бөлінген түрлі жобалардан үнемделген қаржыға салынған. «Қыран кз» ЖШС конкурс арқылы ұтып алып, сапалы орындап берген. Қазір ауылға келіп кеткеннің барлығы аялдап тоқтайтын қасиетті орынға айналған. Бұл – әкімнің бала күнгі арманы.

Талды археологиялық паркіне осы ауыл арқылы өтеді. Быттыр да, биыл да туристер легі көп. Франциядан, Германиядан келетіндер саны артқан. Осыны ойлаған әкім кіреберістен келушілерді қарсы алатын ауылдың төлқұжатын билбордқа орнатып қойыпты. «Қаражарта» қорымының суреті бар. Төбесіне жарықшамы да қойылған. Мұның алдында тұрған ескі белгіні сүріп тастаған. Мұнымен қоса, ауыл ішіне тағы үш бірдей билборд тұрғызған. Оған ауыл өнерпаздары, ауылдан шыққан танымал тұлғалар мен еңбек адамдарының суреттері ілінген. Бұл жұмысына 7,5 млн. теңге қаражат бөлінді. Бұл сомаға әкімшіліктің алдына жаңа тұтқыр орнатқан. Соның өзінде әкім 2,5 млн. теңге қаражатты үнемдеп қалған.


Осы уақытқа дейін ауыл әкімшілігі мәдениет үйінің аядай ғана екі бөлмесінде жұмыс істеп келген. Нұрлан Аманұлы қараусыз қалған тойхана ғимаратын 7 млн. теңгеге сатып алып, аудан әкімшілігінен құрылыс жұмыстарына да қаржы сұраған. 15 млн. теңге қаражатқа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кеңсе жиназдары мен компьютерлер сатып алған. Жаңа әкімшілік ғимараты салтанатты түрде әлі ашылмапты. Әкім келесі аптада ауылдағы ағайынмен бірге лентасын кимакшы.

Біз әкімді іздеп, ауылға барған күні фельдшерлік-акушерлік пункт іргетасының қадасы қағылып жатты. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша бой көтеріп жатқан жаңа нысанда бас мердігер «Агропром-ремстрой» ЖШС жұмысын қыркүйек-қазан айына дейін аяқтайды. 200 млн. теңгенден астам қаражатқа салынып жа-

тыр. Қазір құрылыс материалдарының жартысы жеткізілді. Ауыл басшысының өтінішімен мердігер ауыл тұрғындарын жұмысқа алған.

– Негізі, қалада жұмыс істеп жүргенмін. Ауылдан ФАП салынады деп әкім хабарласып, жұмысқа шақырды. Әке-шешем осында ғой. Отбасыммен сол кісілердің қасына келіп, ауылдың бір кірпішін болсын қаласайық деп шештік. Міне, бүгін – жұмысқа шыққан бірінші күнім. Жалақысы да көңілге қонымды. Қазір әртүрлі жұмыс істеп жүрміз. Құрылыс басталысымен қалаушы боласың деп. Қолымыздан келеді, – дейді ауыл азаматы Дархан Әбілтайұлы.

Ауыл мектебінде де күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Қырық жыл бойы есігі мен терезесі мүлдем ауыспаған. Әбден шіруге айналған. Қызметке қыркүйек айында кіріскен әкімнің ең басты міндеті – келер жылы бюджеттен қаражат бөлігізіп, осыны жүзеге асыру болыпты. Балалар ескірген есік пен терезенің жақтауынан соққан суықта отырып, білім алуға тура келген. Әсіресе, қыстың суығы шыда бермей кетеді екен. Соның кесірінен көмірді екі есе жағып келген. 29 млн. теңге қаражат бөлінген жұмыс



мамыр айының орта шенінде басталды, тамызға дейін толық тәмамдайды. Мұнда да ауылдың алты азаматы еңбек етіп жүр.

– Мектептің үш қабатындағы барлық кабинеттің есігін ауыстырып біттік. Қазір терезелерді ауыстырып жатырмыз. Жұмыстың жартысын өндірдік. Есік-терезенің барлығы шіріп кеткен. Басымызды шайқадық. Ауыл азаматтары болып, өзіміз ауыстырып жатырмыз. Сапалы істейміз. Өйткені, өзіміздің балаларымыз, немерелеріміз оқиды ғой. Бастысы, балалар биыл қыста алансыз сабақ оқитын болады. Соған қуаныштымыз, – дейді ауыл тұрғыны Мейрам Ибраев.

Ауыл әкімі мектептегі қызу жұмысты қадағалап болған соң жаңа әкімшілікке алып барды. Жиын өтетін конференция залы, жас мамандар мен ауылдағы учаскелік инспектордың жеке кабинеті бар.

Ауыл халқы әкіміне риза

Әкімшілікті аралап жүргенімізде ауыл ақсақалы Мұхтар Түсіп әкімнен көмек сұрай келді. Жұрт болып жұмылып, ауылдың іргесіндегі қорымды қоршап жатыр екен. Соның материалдары қаладан жетіпті. Жүкті түсірісетін екі-үш жігіт сұрай келген екен.

– Жаңа әкіміміз ауылды көгертіп жатыр. Істеген ісін халық көріп отыр. Ауылды көтеремін деген үлкен құлшыныспен келген азаматқа ауыл болып қолдау көрсетеміз. Жылда таудан ағатын су ауылды



екіге қак бөліп басатын еді. Биыл судан аман-есен өттік. Күзде жарты шақырым бөгет тұрғызды. Ауданнан техника алдырып. Көпірдің астындағы құмды тазалап, үш арна жасатты. Өзен ағатын. Сол көп көмек болды, – деп батасын жаудырды Мұхтар ақсақал.

Ауыл ақсақалдары өздері сайлап алған әкімге биыл тоңның қалың бопатынын, судың мөлшері жылдағыдан көп келетінін ескерткен. Ол аудан әкімшілігінен осы бағыттағы шаруаға 1 млн. теңге қаражат сұрап, соған тендер жариялаған. Техника тізгіндеген жігіттің жанын қоймай, сол қаражатқа таудан келетін тасқынға бөгет те соқтырып алған.

құрық салып ұстап, артып жібереді, – дейді әкім.

Осыдан бес-алты жыл бұрын ауылға өрт сөндіру көлігі сатып алынған екен. Алайда, тұрақ болмағандықтан, штат берілмей келген көрінеді. Мәдениет үйінің сыртындағы отыз жыл бойы қанырап бос тұрған ғимаратты таңдап алған. Қыстың ішінде жігіттерді жинап, бір қабырғасын құлатып, қақпа қылған.

– Тұрақ дайындауымыз бір шаруа болса, «Газ-66» көлігін жөндеу екінші бір шаруа болды. Көлік жүргізушісі Айбек Жұмабектің еңбегін атап өтуіміз керек. Моторын жаңалап шықты. Төрт бірдей жаңа дөңгелек салдық. Мотопомпа сатып алдық. Ақылдасып автоматты су сепкішті орнатуды жөн санадық. Өйткені, 2 тонна бөшке су дала өртің сөндіруге аздық етеді. Мұнымен қоса, 60 өрт сөндіру шыпыртқысын дайындадық. Ауылдың алты жігітін штатқа қабылдадық. Керек-жарағымызбен қамтамасыз етті. Енді рацияға тапсырыс бердік. Екінші жалақымызды алып үлгердік, – дейді өрт сөндіру бекетінің капитаны Бауыржан Махметов.

«Жер, жер және жер!»

Әкім Талды ауылына тиесілі 15 мың гектар жер белгісіз біреудің қолында дейді. Сол себепті, жер мәселесі өткір тұрғанын айтады.

– Ауылдағы жер мәселесі қазір даулы әрі шешімі күрделі проблемаға айналды. Кезінде жерді иеленгендер бүгінде не мемлекетке өткізбей, не өздері пайдаланбай, жайылым мен шабындықты «ел қонбаған жер жетім» дегізіп отыр. Талды ауылдық округі бойынша барлығы 124 мың гектар жер болса, соның 15 мың гектары белгісіз біреулердің қолында. Осы жер телімдерін қайтарса, жерсіз отырған шаруалар кәдеге жарататын еді. Осы мәселе бойынша барымды салып, жұмыс істеп жатырмын. Өйткені, ел-жұртқа обал. Биыл қыста шаруалардың шөбі аздық етіп, қаншама малынан айырылды. Одан кейінгі мәселе – жылқы мен сиыр табыны. Қазір бақташы таппай отырмыз. 325 мың теңге айлық төлейміз десек те, ешкімнің құлқы жоқ. Осылайша, бағын мәселесі баяу. Мал шығыны бар дедік қой. Сондықтан, күн құрғатпай іске асыратын тағы бір үлкен шаруа бар. Ауыл әкімдіктерін техникамен қамтамасыз ету керек.



«Азаматтар қолдауы айрықша»

Нұрлан Аманұлы ауыл азаматтарының қолдауы айрықша екенін айтады. «Онсыз жұмысымыз өнбес еді» дейді. «Туған ауылымын ұйымшылдығы – негізгі күшім» деп отыр.

– Расымен, ауыл азаматтарының ауыз-біршілігінің арқасында көп шаруа жүзеге асып отыр. Мәселен, жігіттермен ақылдасып, жылқы қоршауын салайық деп шештік. Азаматтар аз-маз ақша жинадық та, қаладан қажетті сымды, тор қоршау мен трубалар алып келдік. Екі күннің ішінде тұрғыздық. Осы жерге жылқысын қамайды, таңбалайды, сататынын осы жерден

Бір-бір тракторды тіркемесімен берсе, санитарлық тазалық, қыста ауыларалық жолдың қарын аршу, жазда өрт қауіпсіздігі үшін жер жұрту, күзде тұрмысы төмен отбасыларға шөп түсіріп беру, көктемгі тасқындың алдын алуға бөгеттер тұрғызу секілді шаруалар шешілер еді. Қысқасы, бір ауылдың бар мәселесі осы 20 млн. теңгеге тіреліп тұр. Ауылды қолдау жөнінде ойланғанда, осындай мәселелер ескерілсе екен дейміз, – деген бүкпесіз ойын жеткізді журналист-әкім.

Шет ауданы

Суреттерді түсірген автор



• БАЙҚАУ

Болашақ журналистің жүлдесі

Қарағандылық оқушылар Шахназ Есенгелді мен Әсел Абылай Петропавлдағы Мағжан оқуларының республикалық кезеңінде үшінші орынға ие болды. Ғылыми-шығармашылық байқау биыл 50-ден астам 7-11 сынып оқушыларының басын қосты.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Шахназ әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның 11 сыныбын бітірген. Журналист болуды мақсат тұтқан ол Еуразия ұлттық университетіне түспек.

– Мен «Жасынан оқу оқып, өнер қуған...» аталымына қатысып, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы ғылыми жоба қорғадым. Оның «Сүйемін» шығармасын талдай отырып, өлеңдерінде Отанға, балаларға, жұбайына деген сүйіспеншілік сезімдерін суреттегеніне көз жеткіздім.

Жоба бойынша жұмыс жарты жылға созылды, жетекшім Нұрғұл



Ақмамбетова қолдау білдірді, – деді Шахназ Есенгелді.

Ал, Әсел Абылай Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-гимназияның 10 сыныбына қосты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғысы келетін ол Мағжан оқуларына шамамен бір жарым жыл дайындалыпты.

Әселдің айтуынша, Мағжан ақын өзін әрқашан күнге, отқа теңеп, «Өзім күнмін, өзім отпын» деп жырлаған. Талантты жас болашаққа мамандығын қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақындардың ақыны Мағжан мұрасымен байланыстырғысы келеді.


– Мағжан атамның 93 шығармасын жаттап алдым. «Өлең – менің Шопаным, Айым, Күнім» номинациясында өнер көрсеттім. Қатысу мен үшін оңай болған жоқ.

Басқа өңірлерден келген сайыскерлер жоғары деңгейде дайындық көрсетті. 150 шығарманы жатқа білетін құрдастарым болды. Мағжан ағамыз шығармаларымды оқып, ең жақсы жолға ұмтылғандар деген. Бұл жеңіс мені одан әрі дамуға ынталандырады, – дейді Әсел Абылай.

Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Ақпарат кеңістігі алаңдап тұр



(Соңы. Басы 1-бетте)

404 Not Found. Қазақша-лап айтақ Қате 404. Бұл сөз алдыңыздан талай кездескен шығар, иә. Сіз іздеген материал жойылған немесе басқа серверге көшірілген. Ал, интернетте мұндай жағдай өте жиі орын алып тұрады. Мәселен, АҚШ-тың Pew зерттеу орталығының дерегіне кейінгі 10 жылдықта жарияланған web-парақшалардың 40 пайызы жойылған көрінеді. Яғни қаншама адамның көз майын тауысып, мойыны құрысып отырып жазған дүниесі мәңгілікке өшіп кетті. Ал, олардың арасында аса құнды естеліктер, зерттеулер мен көркем шығармалар болуы мүмкін еді ғой?! ...

Сондай-ақ, зерттеушілер жаңалықтар агенттіктеріндегі, билік органдарына қарасты сайттардағы ақпараттардың көпшілігі уақыт өте өшірілгені немесе заманға қарай қайта өңделгенін анықтаған. Мұны өзі интернет кеңістігінің ақпарат сақтау үшін ең қолайсыз орын екенін аңғартса керек. Алысқа бармай-ақ, өз ауламызға қарайықшы. «Орталық Қазақстан» газетінің алғашқы сайты www.ortalyk.kaz.kz доменінде ашылды. Бірер жылдың ішінде үш мыңға жуық материал жарияланған екен. Кейін www.ortalyq.kz доменіндегі қазіргі сайт ашылған тұста, ескі сервер материалдардың тек 3 пайызы ғана көшірілді. Өзгесі цифрлық ыдырауға ұшырып, мәңгілікке жоғалды. Бұл бір редакцияның ғана басындағы ахуал емес. Республикалық «Егемен», «Айқын», «Жас Алаш» сынды іргелі басылымдардың өзі дизайн ауыстыру, сайт технологиясын жаңғырту барысында ескі контенттердің бір бөлігінен айырылып қалуға мәжбүр болды.

Ақпараттық сайттың оқырманы аз

2014 жылы күніне 3-4 жаңалық жазылатын орта деңгейлі сайттың тәуліктік оқырманы – 40-50 мыңның үстінде болатын. Ал, тәулік бойы жаңалық таратумен айналысатын ірі ақпарат агенттіктерінің тәуліктік қаралымы 500 мыңнан миллионға дейін көтеріліп отырды. Ел телефонға жаппай телміре қоймаған, сайтқа компьютері барлар ғана кіретін кезеңдегі көрсеткіш осындай-ды. Одан былай қарайғы уақытта интернет қолданушылардың саны еселеп артпаса, кеміген жоқ. Логикаға салсақ, сайттың да оқырманы көбейуі тиіс еді. Бірақ, керісінше құбылыс байқалады. Қаралым азайған. Өйткені, сайт ақпарат таратуда шапшаңдық көрсете алмай отыр. Оның орнын әлеуметтік желі басты. Дәл қазір, дәл осы сәт көрсетіледі. Әрі желіде жаңалықты талқылау, пікірталасқа түсу мүмкіндігі бар.

Әңгіменің әлкісасында ел сайтқа жаңалық оқу үшін кірмейтінін айттық қой. Расымен де, бүгінде салалық бағыттағы сайттардың дәурені жүріп тұр. Оның ішінде тарихи деректер, көркем әдебиет, білім және ғылым бағытындағы «өлмейтін» ақпаратқа сұраныс жоғары. Иә, олар шоу бизнесінің саржағал жаңалығы тәрізді бір сәтте сайтқа мыңдаған адамды алып келмейді. Күн сайын 1 немесе 2 адам ғана ашып қарауы мүмкін. Мәселен, қостанайлық Әлихан Жарар есімді азаматтың www.zharag.com деген сайты бар. Ішінен не жоқтың бәрін табасыз. Сайттың материалдың қоры өте мол. Сәйкесінше, іздеу жүйелері арқылы келетін оқырман саны көп. Немесе алматылық Сәбит Байтенов есімді азаматтың ww.kazmedic.org сайтының да қаралымы мол. Медицина саласына бейімдел-

ген қазақ тілді ақпарат құралы. Сұранысқа толық жауап береді. Бірақ, салалық сайт жүргізудің жұмысы ауыр. Қаншама уақыт пен төзімді талап етеді. Өкінішке қарай, ондай ұзақ жолды жүріп өтуге ерінетіндер шоу бизнесінің төңірегіндегілердің басқан ізін аңдып, арзан ақпаратпен аудиория ұстап отыр.

Рас, әлі де танымалдылығын жоғалтпаған ақпараттық сайттар да бар. Бірақ, ондай үлкен сайтты ұстап отыру үшін қыруар қаражат пен білікті мамандар қажет. Ал, ол шағын редакциялар үшін қолжетімсіз әрі өзін ақтай қоймайтын шығын. Сондықтан да, болар ірі орыс тілді сайттар қазақша редакция ашуға мойын бұрса да, әзірге контент сапасын жақсартпай отырғаны.

«Ақ тышқан» немесе жасанды интелект

Жекеннің арманы

Журналистар да түйе сияқты: арқалағаны – алтын, жегені – жантақ. Газетте жұмыс істеп жүргенде ЦК-дан талай таяқ жедік. "СҚ"-да Жекен Жұмақанов деген жазушының қарамағында біраз болдым. Жарықтық, газеттің келесі нөміріне кезекші болғанда, бетті оқып отырып: – Шіркін, бір асыранды ақ тышқан болса, газеттің бетіне жүсіртін жібереңде иіскеп-иіскеп, қатесі бар жерде екі аяғын көтеріп, шыңғырып-шыңғырып жіберсе, қатені түзетін, редактордан сөгіс алмас едік, – деп армандап отырар еді. Әлі күнге дейін ақ тышқан жоқ.

Бір кем дүние.

Кейде жұмыс бабында жасанды интелект көмегіне жүгінгенде Шерхан Мұртазаның осы бір әңгімесі еске түседі. Шераға

мен Жекен Жұмақанов арман еткен ақ тышқан шындыққа айналғалы да жылға жуықтап қалыпты. 2022 жылдың 30 қарашасында Open AI компаниясы ChatGPT жасанды интелекті таныстырған болатын. Әу баста сөздік қоры аз, ақпарат дәлдігі күмәнді еді. Қазір қолданыста ChatGPT 4 нұсқасы қолжетімді. Қалың томдарды бірнеше секундтың ішінде қарап, сізге керек тезистерді алдыңызға алып келе алады. Қажет десеңіз дереккөзге сүйене отырып, мақала жазуға да қауқарлы. Әрі сауаты жағынан ең мықты деген филологтарды да жолда қалдырады. Қажет десеңіз, жазған мәтініңізді ұсынып, қас қағым сәтте әріп кате мен грамматикалық, стилдік қателерді түзеп аласыз. Бір ғана еттеген-ай бар. Өзірге жасанды интелект қазақша білмейді. Иә, сөйлеп, мәтін құрастыра алады. Онысы біздің ана тілін білмейтін «шала қазақтардың» деңгейінен сәл жақсылау.

Бұл ретте Үкімет тарапынан жасанды интелекті қазақша сөйлетуге талпыныс жасалып жатқанын да айта кеткен абзал болар. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің мәлімдеуінше, Назарбаев Университетінің ғалымдары QazLLM жобасын әзірлеуді қолға алған. Бүгінге дейін оған 6 млрд-қа жуық токен жиналыпты. Жыл соңына дейін 100 млрд. токен жинау жоспарлануда. Межелі уақыт – желтоқсан айы. Желтоқсанда QazLLM жобасының алғашқы нұсқасы таныстырылады. Яғни, әлемге әйгілі ChatGPT жасанды интелектің қазақша нұсқасын қолданамыз.

Ақпарат тарату кеңістігі үлкен өзгерістерді бастан өткеруде. Жаңа технологиялар қаражат үнемдеумен қатар, адами ресурстарды шектеуге де жол ашуда. Мәселен, қазір редакциялар SMM, видео және фото өңдеу, копирайтинг үшін әрқайсына бөлек маман ұстап отыр. Ал, келешекте бұлардың барлығын жалғыз адам ғана атқара алады. Басты талап – жасанды интелект қолдана білсе болғаны. Келешекке дейміз ғой. Бүгінгі өзінде ағылшын, орыс тілді редакциялар мұны тәжірибеге қолданып үлгерген.

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ,
«Temirtau туысуы» газетінің редакторы

• ФУТБОЛ

Болгарияда бақ сынады

Қарағандылық «Скаут» футбол клубы Астана қаласында өткен Қазақстан чемпионатында 2015-2016 жылы туғандар санатында алтын медаль жеңіп алып, Болгарияда өтетін «Black sea CUP» турниріне аттанды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы «Скаут» футбол клубының командасы Abu Dhabi Cup – 2023 халықаралық турнирінің жеңімпазы атанған болатын. Жас спортшылар бірінші орынға ие болған. Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Абу-Дабидегі турнирді ағылшынның «Манчестер Сити» кәсіби футбол клубы өткізді.

10 жасқа дейінгі санатқа 32 команданы қатысқан. «Скаут» клубының негізін қалаушы және жаттықтырушысы Федор Богатыревтың айтуынша, футболда бәсекелестік өте маңызды.

– Ұлдар үшін әр ойын – үлкен тәжірибе. Жалпы, балалар байсалды, командада жақсы жұмыс істеп, сапалы ойын көрсетуде. Бірақ, алда көптеген жаңа жарыстар күтіп тұр, – дейді Федор Богатырев.

Табиғаттан тамыр тартқан



Облыстық бейнелеу өнері мұражайында Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына арналған «Шеберлер мерекесі – адам және табиғат» көрмесі ашылды. Бұл көрме – аймақтың педагог-суретшілері біріктірген облыстық пленэр-байқаудың қорытындысы. Жұмыстардың басым бөлігі бізді қоршаған табиғаттың алуан түрлілігі мен сұлулығын бейнелейтін әртүрлі техникалар мен жанрларда орындалған жұмыстар.



Пленэрге Қарағанды қаласы №2 балалар өнер мектебінің, Шахтинск қаласы А.Исмаилов атындағы балалар көркемөнер мектебінің, Теміртау қаласы Ғ.Жұбанова атындағы балалар өнер мектебінің, Дубовка кентінің балалар көркемөнер мектебінің және Нұра ауданы балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының педагогтары қатысты.

Көрмедегі әр жұмыстан табиғатты бейнелеуге деген автордың жеке көзқарасын байқауға болады. Олар табиғаттың адамның әрекетімен және сезімдерімен өзара байланысын көрсетуге тырысқан.

– Мұнда Қарағанды қаласына арналған жұмыстарымыздың шағын бөлігі қойылды. Негізін саябақтағы өмірмен байланысты туындылар. Саябақ кейбір ғимараттарға немесе сәулет құрылымдарына қарағанда жаңа жақын. Барлық жұмысым

қаламыздың табиғатына арналған. Техника – акварель. Мен бұл әдіспен көп жұмыс істеймін. Ашықтықты, дамуды, жарық пен күн сәулесінің өзара әрекеттесуін көрсеткім келді, – деді №2 өнер мектебінің оқытушысы Юрий Ку.

Ал, Шахтинск қаласы А.Исмаилов атындағы балалар көркемөнер мектебінің мұғалімі Әйгерім Советова болса, бәрінен бұрын көшелерден, базарлардан шабыт алатынын айтады.

– Шығармашылықты осы бағытта дамытқанды ұнатамын. Өйткені, онда әрдайым қозғалыс, адамдар өз тіршілігімен әуре. Бастысы, жасанды емес, – деп бөлісті ол өз ойын.

Аталған көрме 30 маусымға дейін жалғаспайды.

Өз тілшімізден ҚАРАҒАНДЫ

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Көшпелі кітапхананың көшелі мүмкіндігі

Біз Лондонның көшелерінде тұратын кітапханалар туралы жиі айтамыз. Енді, сізге сол кітапханаларды алыстан іздеп, ат сабылудың еш қажеті жоқ. Бұлай деп айтуымызға себеп, 21 маусымнан бастап Балқаш қаласының «Жастар» саябағында «Таза Қазақстан – Экологиялық мәдениет» көшпелі жазғы кітапханасы ашылды. Аталған кітапхана «Таза Қазақстан» жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан Қазақстандағы тұңғыш бастама болып саналады. Ерекшелігі сол, киіз үйдегі заманауи кітапхана халық көп жиналатын аумаққа орналастырылған. Мұнда табиғат туралы кітаптарды оқи аласыздар, викториналарға қатыса аласыздар, тіпті, өсімдікті өзіңізге егуге болады.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көшпелі кітапхананың үйлестірушісі С.Сейфуллин атындағы орталық кітапхана өкілдерінің сөзіне сенсек, жылжымалы кітапхананың бүгінгі таңда тұрақты оқырманы

күн санап артауда. Сонымен қатар, арнайы ат басын бұрып, кітап оқып кететін туристер де бар. Бәрінен бұрын бір қуантарлығы кішкентай балақайлардың аталған кітапхананың қасынан бір елі кетпейтіндігі. Оған себеп, табиғатқа қатысты кітаптар мен жаңа басылымдардың

көптеп кездесуі. Таңнан бастап ерте келіп алатын осы бір оқырмандар ойын атуалыны түбегейлі кітапқа ауыстырған көрінеді.

– Жылжымалы кітапхананың басты міндеті – мәдениетті, экологиялық ой-өрісті, экологиялық сауаттылықты насихаттау. Адамдар келіп, туған өлкенің



Сурет облыс әкімінің сайтынан



Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҒЫЛТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯ

табиғаты туралы кітаптар, газеттер, журналдар оқи алады. Викториналар, байқаулар өткізіледі. Тіпті, көгалдандыру бұрышы бар. Ең белсенді тұрғындарға сыйлықтар беріледі. Қазірдің өзінде оң әсер бар деп айта аламын. Мен күн сайын кітапханаға барамын, айналада қоқыс азая түсті. Урналар толып кетпейді, тұрғындар жиналған қоқыс сұрыпталуы үшін біздің жөшіктерді толтыруға тырысады, – деді жобаны ұйымдастырушы Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылықова.

Айта кетсек, жобаның басты мақсаты – кітап оқу мәдениетін қайта жаңғырту, тұрғындарды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу және бүгінгі таңдағы адамдардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мен бос уақытты тиімді пайдалану болып саналады. Көшпелі кітапхана оқырмандарды 1 қыркүйекке дейін қуантады. Жұмыс уақыты: сейсенбіден сенбіге дейін 09:00-ден 11:00-ге дейін және 16:00-ден 20:00-ге дейін, демалыс күндері жексенбі, дүйсенбі күндеріне белгіленген.

БАЛҚАШ



• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ...

Парасаттың портреті



Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Белгілі публицист, ғалым, академик Бауыржан Омарұлына жақсы іні болды білдік пе, оны бір Алла біледі. Ал, Бауыржан бізге жақсы да, жанашыр аға бола білді. Алдынан дәріс алмасам да, жазған-сызғанын қалт жібермей оқығандықтан болар, Бауыржан ағаны өзіме ұстаз тұттым. Ағалығын аңдадым, жанашырлығын сезіндім. Қарапайым болмысын қадір тұттып, шығармашылық қуатына тәнті болдым.

Мен үшін Бауыржан ағаның әлеуметтік желідегі парақшасы әмбебап кітапханаға айналған. Адамтандудың академиялық кітапханасы... Бауыржан ағаның ортасын да, қаламдас достарының болмысын да, туған жері Қаратереннің қасиетін де, кемері кеміген Аралдың қасиетін де осы парақшадан зерделегенмін. Ұлт ұлыларының ұлағатын танып, белгілі фототілші Шүкір Шахайдың фото шеберханасына сәт сайын саяхат жасап отыратын болдым.

Қаншама тұлғаның тағдыры мен тағдылымын Бауыржан жазбалары арқылы таныдық, олардың өмір сапарындағы өнегелі істеріне Омарұлының ордалы ой тартқып, шексіз шеберлікпен толғайтын эсселері арқылы терең үнілдік. Талантты қаламгердің тақырып қою шеберлігінен бастап, түкті кілемдей түрленген түйіндеріне тамсанып жатып тұн ұйқымызды қашырып алатын сәттеріміз де болды.

«11-ші қаламшысы» мен «Төртінші билігін» жастанып оқып, «Қаратерен вальсмен» толқып, әлеуметтік желідегі «алақандай эсселерін» жаттап алуға айналған шақта қолымызға Бауыржан ағаның өзі туралы қос кітап түсе қалсын. Астанадан арнайы беріп жіберген екен. Бауыржан баға жетпес базарлығын өзіміз тікелей бастығым, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры, әріптес-аға Қайрат Жүнісұлының қолынан қабылдап алған сәтте қатты толқидым, әрі балаша қуандым. Толқытқан да, қуандыған да – Бауыржан ағаның аспақ пейілі, «қаламдас бауырым» деп елестергені.

Сонымен, қолымда – Бауыржан аға туралы ұлт элбиетінің ұлы тұлғасы Әзілхан көкесі (Нұршайықов) бастаған,

академик Дихан Қамзабекұлы, қажырлы қайраткер Мұхтар Құл-Мұхаммед, қазақ көсемсөзінің көрнекті қолбасшылары Нұртөре Жүсіп, Қали Сәрсенбай, Дархан Қыдырәлі, ақындар Светали Нұржан, Бауыржан Жақып қоштаған замандастарының 66 портреттік мақала топтастырылған «Бауыр ЖАН» жинағы мен белгілі әдебиеттанушы ғалым Қанипаш Мәдібаеваның «Қаратерен симфониясы» атты портрет-эссесі.

Күніне 2000-3000 жол тілшілер мақаласын, айына мақсатты түрде екі-үш кітап оқып жүрсем де, осы екі кітапқа деген «тәбетім» өте жоғары болды. Алты ай рухани ашыққа ұрынып, әріпті сағынып қалғандай, «жаалап-жұқтап» оқып шықтым. Рас, қызығушылығым керемет болды. Себебін өзім ғана білемін. Ол – көңілімің көкжиегіне, жүрегімің төріне көркем мінез, келісті кісілігімен қонақтап, жазу мәнерімен жанымды баурап алған Бауыржан аға туралы біле түссем, болмысы терең танып, адам қалпын армансыз зерделесем деген қызығушылық еді.

Қаламдастары, замандастары туралы көп жазған қаламгер туралы жазылған әпсананы оқу әуелде күрделі болады екен. Бұл жазбаларды Бауыржан ағаның өз жазбаларымен салыстырып, авторлар мәнерін кейіпкер шеберлігімен шендетіргің келеді. Әрине, авторлардың осалы жоқ. Бәрі де – қазақтың сөз ұстаған серкелері. Алғашында жинаққа топтасқан эсселердің барлығы Бауыржан ағаның өз қолынан шыққандай көрінді. Алла адасуға, авторлар айыпқа жазбасын. Әуелгі эсер солай болғаны жалған емес. Портреттік мақала көп жазған автордың бірімін ғой, кейін барып ойланайын... Кейіпкерің келісті болса, кейіптемең кемел шығатыны бар еді ғой. Бұл жерде де эссе авторларының Бауыржан Омарұлына деген шексіз құрметі мен шынайы пейілі тұр. Арудың жанарындай мөлдіреген түп-түптік жазбаларда қабырғалы қаламгер, асыл азаматқа, гибартты ғалым, ұлағатты ұстазға берілген байыпты баға, лайықты құрмет бар.

Ойлаңызшы, бір кейіпкер туралы 66

эссе оқудың қандай болатынын. Жалығып кетуіңіз әбден мүмкін. Алайда, бұл жинақтағы 66 жазба кемел кейіпкердің 66 қырын ашқан. Бір-біріне мүлде ұқсамайды! Шынымды айтайын, Бауыржан ағаны 66 қырынан таныдым.

Жалпы, журналистің журналист туралы жазуы – сирек кездесетін үрдіс. Осы жинақта Әзағаң (Әзілхан Нұршайықов) кейіпкерін келістіре ой сабақтай отырып: «...Басқа мамандық иелері туралы жазуға дағдыланған әріптестеріміз қаламдастары жөнінде сөз қозғай бермейді. Менің іні-әріптесім Бауыржан Омарұлы осы тұрғыдан алғанда өте құптарлық қадам жасады» деген ой түйеді. Шыныммен де...

Алдындағы ағаның да, қатар жүріп қалам сілтеген әріптестерінің де, ізбасар інінің де туындылары Бауыржан тұлғалық қасиетін толық ашып, шығармашылық шеберлігіне деген сүйіспеншіліктерін паш етеді. Әсіресе, өз ұлдары Бақытжан, Дәурен, Дәулет Омаровтардың перзенттік пейілі мен ардақты әкеге деген риясыз құрметі еріксіз сүйсіндіреді. Әкенің дара болмысын қастерлеп, пір тұта сөз сабақтауы саналы жанды тебірентпей қоймайды.

...Ал, Қанипаш Мәдібаеваның «Қаратерен симфониясы» атты портрет-эссесінің жөні – мүлде бөлек. Тұлға мен тұғырды бір-бірінен алшақтатпай отырып, кейіпкер болмысы нанымды баяндалады. Жаныңды ерекше бір сазға бөлеп, жүрегіңді шымырлатады. Ол жай ғана саз емес, әсерлі әуенге айналады кейде. Кітап оқып отырғандай емес, жүрек қылын шертетіндей әуезді әуен тыңдағандай ғажап күй кешесің...

Әп дегенде «Қаратерен – Бауыржан Омарұлының таусылмайтын сағынышы, сарқылмайтын шаттығы. Қазақы жаны. Бауырмал болмысы. Асыл ұясы. Жер жұмағы. Қаратерен. Қара шаңырақ. Ар қазығы» деп толғай жөнелген Қанипаш апай жазбасының соңғы нүктесін қойғанша, осы ырғақ, осы әуеннен жаңылмайды. Шығарма авторы белгілі ғалым, әдебиеттанушы болғандықтан, жазбасы да ғылыми стильде жазылған шығар деп ойлағанымыз да жасырын емес. Бірақ, мүлде олай болмады. Аралдың шұбатындай жұтылып, көптен жақсы дүние оқи алмай, кеуіп қалған аңқамызды бір жібітті-ау...

Асыра мақтағаным емес, артық ештеңе таппадым. Боямасыз болмыс, аспақ пейілі... Көзгірсу деген мүлде жоқ. Тіпті, артық үтір таппадым деуге болады. Артық сөз, асыра мақтау қосса, кейіпкерің кіршіксіз арна нокаттай дақ түсіріп алармын деп, эмоциясын мықтап нокталағаны көрініп тұр. Әріптес бауырды дәріптеудің шынайы үлгісін танытқан.

Кітап жеті бөлімнен тұрады. Оқырман жанын баураған әуезді ырғақтың жеті нотасы! Өзі симфония дегеніңіз музыкалық жанр емес пе?! Ресми анықтамасында «Симфониялық шығарма – романтизм кезеңіндегі бағдарламалы музыканың басты жанры. Формасы жағынан музыканың гөрі өнердің басқа түрімен, көбіне кескіндеме немесе поэзиямен байланысты жазылатын оркестрге арналған шығарма» делінеді. Осы талаптардың барлығын «Қаратерен симфониясынан» табар едіңіз.

...Қолымдағы екі кітапқа қатысты пікірімді бір-ақ түйінімен тұжырымдауға болады. Екеуі де – парасаттың портреті! Бауыржан ағамды бұрыннан білемін ғой, осы екі кітап арқылы мен ұлтымның биік парасатын таныдым. Иә, Бауыржан Омарұлы қазақ парасатының жиынтық бейнесіне айналған екен...

• ДӘСТҮРЛІ ДОДА

Қаһарман қаламгерге құрмет

Масс-медиа қызметкерлерінің Нұрмахан Оразбек атындағы дәстүрлі облыстық бильярд турнирі өтеді.



Мақсаты мен міндеті: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, танымал журналист Нұрмахан Оразбектің есімін ұлықтау, журналистер арасында бильярдты дәріптеу, мықтыларды анықтау, қатысушылардың ойын шеберлігін арттыру, саламатты өмір салтын насихаттау және журналистер арасындағы ауызбірлікті нығайту.

Турнир 30 маусым күні Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 2/1-ші үйде орналасқан «Достық» бильярд клубында өтеді. Басталуы – сағат 09:00-де.

Шарт бойынша турнирге тек масс-медиа саласының қызметкерлері ғана қатыса алады. Қатысуға өтініш білдіру үшін газет редакциясына хабарласыңыз.

• ПРЕМЬЕРА

Ертегідегі өмір шындығы

Сарандық пен іштарлықтың адамзатқа опа әпермейтіні бесенеден белгілі. Шыр етіп жерге түскенде адамзат аспақ матадай тап-таза болады емес пе?! Өмір өзі оны бір арнаға салады. Арнаның тұзу я қисығы да – адамзат пигылынан. С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры төрінде тұсауы кесілген «Әли баба және қырық қарақшы» ертегісі желісімен қойылған қойылымнан да алар тағылым осы. Қойылым екі тілде сахналанды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы театрдың қуыршақ труппасы екі жылдан бері қарағандылық кішкентай көрермендерге қазақ тілінде қуыршақ қойылымдарын көрсетіп келеді. Бұл балашақ қазақ қоғамы үшін маңызды зор іс.

– Бүгінгі таңда балалардың көз жәшік пен ұялы телефоннан көретіні орыс тіліндегі түрлі видеолар. Сосын ол балалардың тілі неге орысша деп таңданады. Біздің қойылымдарды қазақшалаудыруымыздың бірден-бір себебі осы, – дейді қойылымның қоюшы режиссері Антон Зайцев.

Расында, бұл пікірдің жаны бар. С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры өзінің 92-ші маусымын шығармашылықтағы бірқатар табыстарымен аяқтады деуге толық негіз бар.

Адамзат жаратылысының әуелгі шені мен шарықтау шегін, сезім мен махаббат, достық пен сатқындықты сөз еткен талай

туындының тұсауын кесіп, көрермен саңсына ізгілікпен сіңіре білді. Бір «Айсулу» қойылымының өзі – әлі көрермен аузында. Ол аз десеніз, бүгінде театр мюзикл жанрына да ерекше көңіл бөлу. Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасының премьерасы – соның айғағы. Сонда актерлік шеберлік пен өңшілік таланттың ауылы алыс болмағаны ғой?! Әрине, қос тізгінді қатар ұстап, бір арнаға бағыттай білген Сәкен театрының ұжымына көрермен қауымының алғысы мол.

Әли баба мен Қасымның басынан өткен оқиғалар кішкене көрермендерді бейжай қалдырмады. Олар іштарлық пен жауыздықтың адамзатқа қауіпті екенін аңғарғандай.

– Әли баба жақсылығының арқасында қарақшыларға ұсталмады. Ал, жауыз ағасы Қасым сарандығының салдарынан қарақшы қылышын өлді, – дейді қойылымның кішкене көрермені Медина Мұратова.

• ФИДЖИТАЛ-ФУТБОЛ

Күміспен күптелді

Жерлестеріміз, қарағандылық команда БРИКС елдерінің ойындарында фиджитал-футболдан екінші орынға ие болды. United eSports Leagues киберспорт лигасының мүшелері мен «Тұлпар» командасының аяқдоп шеберлері бірлесіп ойынып, сәтті өнер көрсетті.

Қазан қаласында өткен Халықаралық біріншілікке 86 елден 4600 спортшы қатысып, бір жарым апта бойы 27 спорт түрінен бақ сынасты.

Ал, Қазақстан құрамасындағы 114 спортшы спорттың 13 түрінен өнер көрсетіп, жалпыкомандалық есепте оныншы орынға тұрақтады. Жерлестеріміздің қоржынында 2 алтын, 10 күміс және 17 қола жүлде бар.

Жарыс бағдарламасындағы фиджитал-футбол көпшіліктің қызығушылығын

туғызды. Бұл спорт түрінен ел намысын Қарағанды облысының спортшыларынан құралған команда қорғады. Атап айтсақ, команда «Тұлпар» футболшыларының квартеті мен United eSports Leagues виртуалды доп шеберлерінің квартетінен құралған.

Ақтық сынға сүрінбей жеткен жерлестеріміз ресейліктерден 7:9 есебімен ғана есе жіберіп, күміс медальды қанағат тұтты.

– Фиджитал-футбол жарысы екі бөлімнен тұрады. Алдымен, ойыншылар футбол тренажерінде бақ сынаса, кейін



нақты футбол алаңына шығады. Яғни, интерактивті және нақты спорт біріктірілген. Бұл спорт түрінен 12 елдің үміткерлері бақ сынады. Басты қарсыластарымыз Бразилия мен Ресейдің футболшылары болды. Алайда, өз тобымызда Бразилия құрамасын 7:6 есебімен жеңдік. Ширек финалда Беларусь құрамасын, ал, жартылай финалда Венесуэла құрамасын шаң қақтырдық. Жеңіске бір қадам ғана жете алмай қалдық. Дайындық азда болса да, команда барын салды. Келесі жылы БРИКС ойындарында бұдан да жақсы өнер көрсетуге бел будық, – дейді Қарағанды облысы киберспорт федерациясының президенті Евгений Набулин.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 71 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Алуаның СОВЕТ